

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ
АКАДЕМИЯСЫ**

А.А. Әбделі

**«ІО ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ» ПӘНІ
БОЙЫНША
ПРАКТИКУМ**

Оқу орындарының кәсіби даярлау факультетінің курстарының
курсанттарына арналған

Қостанай, 2021 ж

ӘОЖ
КБЖ
Ж

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Ғылыми кеңесімен басып шығаруға ұсынған

Рецензенттер:

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Жалпы заң пәндер кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD),
полиция майоры Е.Е. Кайнар
Қостанай қаласы ІІБ ЖПҚ(б)
бастығы полиция подполковнигі М.А Сахратов

А.А. Әбдәлі

Ж- ПО құқық бұзушылықтың алдын алу пәні бойынша «арнайы курсы
практикумы» / А.А. Әбдәлі – Қостанай: ҚР Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2021ж. 100– б.

ISBN

*Осы практикumның негізгі мақсаты - ведомствалық білім беру
ұйымдарының оқу процесінде, жергілікті полиция қызметкерлерінің
аумақтық барлық бөлімшелеріндегі құқық бұзушылықтардың жекелеген
түрлерінің алдын алу бойынша практикалық көмек көрсету болып
табылады. Практикumның негізгі бөлімдері ретінде тапсырмалық есептер
жинағын, білімін бақылау мақсатында сұрақтар мен тесттер ұсынылады.
Оқу құралын ҚР ІІМ оқу орындарындағы білім алушыларына өзіндік жұмыс
процесінде тәжірибелік және семинарлық сабақтарды өткізу кезінде
қолдану үшін, сондай-ақ ішкі істер органдарында кәсіби және қызметтік
дайындық сабақтарын өткізу кезінде қолдануға арналған.*

ӘОЖ
КБЖ

© ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2021

Мазмұны

1. Білім алушылардың оқытушымен практикалық сабақтарын және өзіндік жұмысын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	5
2. Тапсырмалар	
2.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ПО қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері.....	7
2.2. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту.....	18
2.3. Отбасы тұрмыстық-қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу.....	29
2.4. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтардың алдын алу.....	41
2.5. Жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.....	53
2.6. Маскүнемдіктен, нашақорлықпен және уытқұмарлықтан алдын алу	64
2.7. Қаруды қолдана отырып және табиғат қорғау заңнамасы саласында жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу.....	77
2.8. Рецидивті қылмыстың алдын алу және бұрын сотталған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау тәртібі.....	87
3. Ұсынылатын әдебиеттер.....	98

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕРІ

АЕК – айлық есептік көрсеткіш
АПБ – аудандық полиция бөлімі
АҚ – Алматы қалалық
АҚО - арнайы-қабылдау орталығы
ӘЗЗҚ - әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторы
ӘК - әскериленген күзет
БӨП – бақылау-өткізу пункті
ЖБО – жедел басқару орталығы
ЖЗ – жарылғыш заттар
ЖП – жаяу патруль
ЖПБ – желілік полиция бөлімі
ЖПҚ – жергілікті полиция қызметі
ЖПШ – жедел профилактикалық шара
ЖЭС - жылу электр станция
КТБО – кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы
КТІЖ УПИ – кәмелетке толмағандар істері жөнінде учаскелік полиция инспекторы
ҚПБ – қалалық полиция бөлімі
ҚТО - қабылдау-тарату орталығы
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚІБ – қалалық ішкі істер бөлімі
ОМ – орта мектебі
ТМ – түзеу мекемесі
ТЖ – төтенше жағдай
ТПБ – теміржол полиция бөлімі
ПБ – полиция бөлімі
ПД – полиция департаменті
ПП – патрульдік полиция
УПИ – учаскелік полиция инспекторы
УҰИ – уақытша ұстау изоляторы
ПО – ішкі істер органдары
ІМ – ішкі істер министрлігі

**1. «Ішкі істер органдарымен құқық бұзушылықтардың алдын алу»
тақырыбы бойынша білім алушылармен семинарлық, практикалық
сабақтарын және өзіндік жұмысын өткізу бойынша»
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050 «Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстануға тиіс. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен тәртіптен басталады: жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшелерден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Тәртіпсіздік пен рұқсат ету сезімі неғұрлым ауыр қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы-қоғамдық қауіпсіздікті нығайтудағы, қылмыспен күрестегі маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті сақтау ісіне қосымыз керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауындағы «Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің барынша тұтас реформасын жасап, учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, жұмыс істеуіне ерекше мүмкіндік берді. Сондай-ақ учаскелік инспектор жергілікті халықтың проблемаларын шешуге, қылмыстың жолын кесуге, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыру бағытында қызмет етуге тиіс екенін атап өтті.

Осы құралдың жинағы шеңберінде оқыту ПО қызметкерінің құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы ұйымдастырушылық-өкімдік қызметінде теориялық білімді одан әрі бекіту және тереңдету, кәсіби іскерліктер мен практикалық дағдыларды жетілдіру және құқық бұзушылықтың алдын алудың басқа субъектілерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында жүзеге асырылады. Адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін, басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ, олардың жасалуын туғызбай алдын алып, жүзеге асыру үшін қажет.

Арнайы курстың мазмұны әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қылмыстық-атқару, қылмыстық құқық, әкімшілік және қылмыстық-атқару қызметі сияқты құқықтық пәндердің негізгі ережелерімен тығыз байланысты. Онда құқық қорғау органдарының оқу орындарында оқытылатын өзара байланысты арнайы пәндердің ғылыми жетістіктері, сондай-ақ құқық қорғау органдарының әкімшілік, жедел-ізвестіру және қылмыстық іс жүргізу қызметі мәселелері бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері және оң практикалық тәжірибе көрсетілген.

Сабақтар құқық қорғау органдары оқу орындарының түлектерін қалыптасқан жағдайда немесе ахуалда сауатты және нақты әрекет етуге, заңдылықты сақтауға үйретуге мүмкіндік береді. Олар танымдық

қызығушылықты, шығармашылық ойлау және ізденістік дағдыларын, жағдаятты және зерттеу ақпаратын зерделеу және талдау негізінде тәуелсіз шешім қабылдау қабілетін дамытуы керек.

Тыңдаушылар мәселелерді шешуде келесі практикалық дағдыларды игеруі керек:

- жағдайды қалай анықтауға болады;
- қандай материал жинау керек;
- қалыптасқан жағдайда басқарушылық шешімді кім қабылдайды;
- кіріспе тапсырмаларды шешу кезінде қандай әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану керек;
- материал қай жерде тіркеледі және т. б.

Оқытушы әр тыңдаушының пікірін тыңдауы керек, егер олар әртүрлі болса, содан кейін тыңдаушыларға дұрыс практикалық әрекеттер мен дұрыс жауапты түсіндіріп, тыңдаушылардың білімін бағалауы керек.

Тәжірибелік сабақтарда тиімді өткізу үшін топқа жеке-жеке тапсырмалар бөліп беруді ұсынамыз, тыңдаушылар конспектілерінде жауаптың қысқаша жоспарын жасауы үшін дайындыққа 10-15 минут береміз. Жауаптардың нұсқаларын талқылау бүкіл аудиторияның қатысуымен жүргізілуі керек.

Шешілген тапсырмаларды талқылағаннан кейін оқытушы жалпы қорытынды жасайды және қойылған бағаларды негіздейді.

2. ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ

2.1 Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ПО қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері

№1 есеп

Учаскелік полиция инспекторы «Белка» азық-түлік дүкенінен 20 жасар азамат С-ті түнгі сағат 22:30 шамасында арақ өнімін алғандығы анықталды. Дүкен сатушысының құжаттарын сұрастыру барысында, дүкенді жалға алғандығын және дүкен егесімен ешқандай да келісім-шарт жасалмағандығы анықталды.

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Осы жағдайда полиция қызметкері кімге және қандай құжаттарды жинауы тиіс?*
- 3. С.-ті әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?*
- 4. Арақты алу туралы хаттама жасаңыз.*

№2 есеп

Қостанай қаласы Абай көшесі бойында Р- есімді азамат өз иелігіндегі көлігімен кетіп бара жатқан сәтінде, кәмелетке толмаған ер бала өтуге болмайтын жермен жолды кесіп өтіп бара жатқан кезінде Р-есімді азамат оны қағып кетеді.

- 1. Жағдайды бағалап, құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2. ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және Осы жағдайдағы кәмелетке толмағандар ісі бойынша УПП қандай материал жинауы қажет?*
- 3. Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

№3 есеп

Кәмелетке толмағандарістері жөніндегі инспекторларрейттік іс шара барысында түнгі сағат 23:35 шамасында «Друзья» компьютерлік ойын ойнайтын жерден Р-азаматы 15-жаста А-азаматы 17-жастағы ағайындыларды ұстап алды:

- 1. Жағдайды бағалап, құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2. ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және Осы жағдайдағы кәмелетке толмағандар ісі бойынша қандай материал жинауы қажет?*
- 3. Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Компьютерлік ойын сауық орталығы басшысына қандай жаза қолданылады?*

№4 есеп

Жол патрульдік іс шарасы кезінде «TOYOTA 55» автокөлік жүргізушісі көлігінің алдыңғы және артқы мемлекеттік нөмерлері болмаған соң тоқтатылды. Тексеріс сұрау барысында көлік жүргізушісі масаң күйде

екені белгілі болды:

- 1. Жағдайды бағалап, құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2. Көлік жүргізушісің масаң күйде екенін анықтау үшін қандай шаралар қолданылады?*
- 3. Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

№5 есеп

20.00 сағат шамасында жол және патрульдік қызмет қызметкерлерімен «Мерседес» жүргізушісі қауіпсіздік белбеуінсіз басқарғаны үшін және алдыңғы екі терезесіне тонировка жасатқаны үшін тоқтатылды. Көлік жүргізушісі тонировканы патрульдік қызметкер көзінше алып тастап енді бұндай жағдай қайталанбайтынын айты:

- 1. Жағдайды бағалап, құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2. Көлік жүргізушісіне қандай шешім қабылдайды?*
- 3. Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

№6 есеп

Учаскелік полиция инспекторы автобус аялдамасында 18 жасар Т-есімді азамат темекі қалдықтарын тастап тұрғанын байқады. Учаскелік полиция инспекторына жақындап ескерту жасап, сұраққа ала басады.

- 1. Қалыптасқан жағдайды бағалаңыз.*
- 2. Учаскелік полиция инспекторының іс-әрекеті орынды ма?*
- 3. Азамат Т-азаматы әкімшілік жауапкершілікке тартыла ма?*

№7 есеп

Қостанай қ. ПБ қызметкерлері рейд барысында түнгі сағат шамамен 23:00-де кәмелетке толмаған екі жасөспірімдердің ата-анасыз жүргендерін анықтады. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы,кәмелетке толмағандарды ПБ-не жеткізді және олардың ата-аналарын хабардар етті.

- 1. Жағдайды бағалаңыз.*
- 2. КТІЖ УПИ әрекетін саралаңыз.*
- 3. КТІЖ УПИ қандай материалдар жинауы қажет?*
- 4. Кәмелетке толмағандардың ата-аналарының жауаптылығы қандай болмақ?*

№8 есеп

Қостанай қ. ПБ қызметкерлері Жаяу патрульмен қаланың саябағынан 16 жасар А-азаматын жеткізілді, сырғанақкатегін кіргізбегені үшін, саябақ бақылаушысын балағат сөздермен қорлаған.

- 1. Жағдайды бағалаңыз.*
- 2. ПБ қызметкерлерінің: патрульдің, кезекішісінің, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі УПИ-дің іс-қимыл тәртібін баяндаңыз.*
- 3. Жаза қолдану туралы шешімді кім қабылдайды.*
- 4. Сұрау хаттамасын жасаңыз.*

№9 есеп

2021 жылы 21 наурызда күні шамамен 15:00 сағатта кәмелетке толмаған Сергей (жасы 16-да) бола тұра, қоғамдық орында, Қостанай орталық саябағында шекілдеуік шаққан және қабығын тротуарға лақтырған. Бұл факт ЖБО бейнебақылау камерасына тіркеліп, жедел кезекші құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін жақын маңдағы нарядты жіберді.

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. ПБ қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз*
- 3. Қандай материалды жинау керек.*
- 4. Сұрау хаттамасын жасаңыз.*

№10 есеп

Учаскелік полиция инспекторы өзінің әкімшілік қадағалауында тұрған С.М Айтбаевты 22 сағат 50 минутта тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексерді. Әкесі УПИ-на баласының үш айдан бері жұмыссыз және тұрақты жұмысқа қамтуға жәрдемдесуін сұрады. Сол мезгілде баласы үйіне масаң күйде келеді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Учаскелік полиция инспекторы жұмысқа тұруына қандай көмек береді?*
- 3. С.М Айтбаевты жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы түсінік жасаңыз.*

№11 есеп

«Назар аударыңыз - балалар!» Профилактикалық іс-шарасы кезінде 9 қабатты тұрғын үйдің шатырында төрт жасөспірімдер: сыра ішіп отырған 14 жасар И. мен П, 15 жасар С. және 16 жасар Н. Алкогольді ішу кезінде олар өздерін дұрыс ұстамады, үй тұрғындарынан шағымдар болды. УИП кезекші бөлімінде жасөспірімдерді ҚР ӘҚБтК 440-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылданды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды саралаңыз.*
- 2. Бұл шешім заңды ма?*
- 3. Бұл жағдайда кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарына қандай алдын-алу шараларын қолдануға болады?*
- 4. Сұрау хаттамасын жасаңыз.*

№12 есеп

Жаяу патрульдеу кезінде Абай көшесіндегі 20 үйдің ауласында, балалар алаңында кәмелетке толмағандар ересектермен бірге алкогольдік ішімдіктер ішіп жүргені туралы анықталды.

Тапсырма:

- 1) жағдайға құқықтық баға беріңіз.*

- 2) *Полиция қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін белгілеңіз.*
- 3) *Кәмелетке толмағандарға қандай алдын-алу шараларын қолдануға болады?*

№13 есеп.

2021 жылы 22 қаңтарда шамамен сағат 14:20-да полиция қызметкерлері аэрозольді баллон түрлерімен қоғамдық орындардағы мүліктерді ұятсыз сөздермен жазып жатқан екі жасөспірімді анықтап ұстады. Анықтау кезінде олар өздері мен ата-аналары туралы ақпарат беруден бас тартты.

Тапсырма:

- 1) *Жағдайға құқықтық баға беріңіз.*
- 2) *Полиция қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін белгілеңіз.*
- 3) *Бұл жағдайда қандай жеке алдын-алу шараларын қолдануға болады?*

№14 есеп

Құқық бұзушы А-ның 2021 жылдың 02 қаңтарында сағат 03:20 шамасында, Жаңаөзен қаласы Көктем шағын ауданы №46 үйдің артында тас жолда «Audi A6 C4» маркалы, автокөлігін басқару барысында патрульдік полициясы қызметкерінің автокөлікті тоқтату туралы заңды талабын орындамады. Полиция қызметкерінен қудалаудан жасыруға тырысты.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
2. *Патрульдік полиция қызметкерлері қандай арнайы бұлтартпау шараларын қолдана алады.*
3. *Осы факті бойынша қандай материалдар жасауы тиіс?*

№15 есеп

М. азаматы уйіне мас күйінде жанжал шығарып, әйелін ұрып-соғып, денсаулығына жеңіл зиян келтірді. Оқиға орнына жергілікті полиция инспекторы келгенде, М азаматы полиция қызметкеріне есікті ашудан бас тартып, егер қызметкер пәтерге кіруге тырысса, өзін 5 қабаттан секіретінін ескертті.

Тапсырма:

1. *Болған жағдайға құқықтық баға беріңіз.*
2. *М азаматы қандай жауапкершілікке тартылады?*
3. *Әкімшілік жазаның түрін анықтаңыз.*
4. *Азамат М-ға қандай алдын-алу шараларын қолдануға болады?*

№16 есеп.

Е-азаматы қоғамдық көлік аялдамасында мас күйінде бола тұра, маңындағы азаматтарды мазалап, өзін ұятсыз сөздермен тиісті. Оның әрекетін байқаған патрульдік қызметкері тоқтатты. Азамат Е. өзінің ұсақ бұзақылық фактісі бойынша әкімшілік іс қозғалып, 7 тәулік мерзімге

әкімшілік қамауға алынды. Сот барысында Е. азаматы өзінің 2-топтағы мүгедек екендігі туралы медициналық қорытынды ұсынды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз*
- 2. Осы жағдайда соттың әрекеттері қандай?*
- 3. Бұл жағдайда қандай алдын-алу шараларын қолдануға болады?*
- 4. Аталған іс-әрекет бойынша шешімді кім қабылдайды?*

№17 есеп

Жергілікті полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты А. өзіне берілген әкімшілік аймақтық бөлімді аралап жүріп, үйдің ауласындағы ойын алаңында азаматша М. өзінің ротвейлерлік итін байлаусыз күйде серуендетіп жүргені үшін ескерту алды.

Тапсырма:

- 1. Қазіргі жағдайды талдаңыз.*
- 2. Әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?*
- 3. Учаскелік полиция инспекторының іс-әрекет алгоритмін белгілеңіз.*
- 4. Учаскелік полиция инспекторының алдын-алу шараларын қолдану үшін қандай құқығы бар?*

№18 есеп.

Жаяу патруль патрульдеу барысында №15 дүкеннің маңынан жасы шамамен 50-жастардағы ұсқынсыз киінген ер адамның азаматтардан өзін тонап кеткендігін және Новоямышево ауылына үйіне қатынау үшін ақша сұрап жүргендігін көреді.

Ер адамның құжаттары болмағандықтан оны анықтау үшін стационарлық бекетке жеткізілді. Оны тонау туралы ақпарат расталмады, бірақ ол расымен Новоямышево ауылында тіркелген және Новоямышево ауылына жету үшін қажетті ақшасы бар болып шықты.

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3. Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Құқық бұзушыны сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№19 есеп.

Патрулдік полиция наряды шамамен 20.00 шамасында УПП-не 7-9 жастардағы екі кәмелетке толмағандарды «Март» супермаркетінің жанында қайыр сұрап жүрген жерлерінен жеткізді. Балалар өздерінің балалар үйінен қашып кеткендерін және кез келген жерде қонатындарын айтты. Балалар үйі көрші қалада 80 км. жерде орналасқан.

- 1. ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 2. Балаларды Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жіберу тәртібі қандай?*
- 3. Балалар үйі әкімшілігінің іс-әрекетін саралаңыз*

4. Сұрау хаттамасын жасаңыз

№20 есеп.

«Жасөспірім» жедел алдын алу шаралары шеңберіндегі рейдтік іс-шаралар барысында 23:20 сағат шамасында кәмелетке КТІЖ УПИ өзінің көмекшісімен бірге «Дионис» дәмханасында бөлек бөлмеде туған күн тойлап отырған төрт жасөспірімді көрді.

Олар алкогольдік сусындар ішпеген, бірақ екі жасөспірім темекі шеккен, үстелде күлсалғыш болды.

Анықтау кезінде жасөспірімдердің буреуі он сегізге әлі толмағанын, сонымен қатар дәмханада темекі шегі үшін арнайы орынның болмағаны анықталды.

1. *Жағдайды бағалап, құқық бұзушылықты саралаңыз.*
2. *ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
3. *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
4. *Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізі.
2. Құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жүйесі қандай?
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу принциптерін атаңыз?
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы ПО құзыреті.
6. Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының жүйесі.
7. Құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпы шаралары.
8. Профилактикалық әңгіме.
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілігін түсіндіру жолы.
10. Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі белгілері.
11. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы нормативтік-құқықтық актілер.
12. Құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру.
13. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары.
14. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер.
15. Құқық бұзушылық профилактикасының жалпы, арнайы және жеке шаралары.
16. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласында ішкі істер органдарының жекелеген қызметтері мен бөлімшелерінің өзара іс-қимылы.
17. Ішкі істер органдарының қызметіндегі құқық бұзушылық профилактикасының негізгі бағыттары қандай?

18. Құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесінің объектілері, субъектілері, мазмұны және қамтамасыз етілу тәртібі.
19. Құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар.
20. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу.

- A) құқық бұзушылықтың жасалу себептері мен жағдайларын анықтау және жою немесе құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, тәрбиелік және өзге де шаралардың жиынтығы.
- B) қоғамға пайдасы тиетін тәртіп
- C) әлеуметтік нормалар
- D) қоғамға зиян іс әрекет
- E) заңның үсыемдік етуі

2. Құқық бұзушылық профилактикасы:

- A) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және сақтау;
- B) есептілік
- C) мемлекеттік заң
- D) заңдылық
- E) заң үстемдік етуі

3. Барлық құқық бұзушылық қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейіне байланысты бөлінеді:

- A) пайдалы, пайдасыз және бейтарап
- B) онша ауыр емес, орташа ауыр, ауыр және аса ауыр
- C) құқықтық іс-әрекет пен құқыққа қайшы іс-әрекет
- D) қылмыс, қылмыстық теріс қылық және теріс қылық
- E) қылмыс пен жаза

4. Құқық бұзушылықтың белгі-нышандары:

- A) қоғамға пайдасын тигізеді, мемлекеттік құрылысты нығайтады, адамдар мен азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырады
- B) қоғам мен мемлекетке пайдасы да, зияны да жоқ
- C) мемлекет тарапынан ынталандырылады, бекітілген тәртіпті сақтауға бағытталған, адам мен қоғам мүддесін қанағаттандыра алатды
- D) құқықты, оның қағидаларын, құқық жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау, құқық нормалары қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп, қоғамның және адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады
- E) құқықты, оның қағидаларын, құқық жүктеген міндеттерді орындау, тыйым салынған әрекеттерді жасамау, құқық қорғайтын нормалары

қорғайтын мүддеге пайда әкеліп, қоғамның және адамның мүддесіне қызмет етеді, белгіленген құқықтық тәртіпті сақтайды

5. Құқық бұзушыны кім жауапқа тартады:

- A) адвокат
- B) нотариус
- C) қоғам
- D) судья
- E) табиғат қорғау

6. Құқық бұзушылық дегеніміз:

- A) әлеуметтік нормаларды бұзатын іс-әрекет
- B) қоғамға зиян іс-әрекет
- C) кінәлі, заңға қайшы және қоғамға қауіпті іс-әрекет
- D) айырықша іс-әрекеттер
- E) қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген іс-әрекет

7. Қызметкерлер құқық қорғау органдары жүйесінде үздіксіз қызметте болған аттестаттаудан өтеді:

- A) әр-бір үш жыл сайын
- B) құқық қорғау органы басшысының қарауымен жыл сайын
- C) әр-бір екі жыл сайын
- D) бес жыл сайын
- E) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады, егер: әкімшілік айыппұл төлегенін растайтын құжаттың болуы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліксіздігі, жәбірленушінің өлімі, әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның заңда белгіленген тәртіппен есірткі саудасының айналымына байланысты қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылуы.

8. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері

- A) заңның үстемдік етуі;
- B) рушылдық;
- C) шектеулердің үстемдігі;
- D) территориясына қол сұғылмау;
- E) қоғамдық пікір.

9. ҚР-ғы басқару формасын көрсетіңіз.

- A) парламенттік-президенттік;
- B) президенттік;
- C) парламенттік;
- D) халықтық демократиялық;
- E) дуалистік-монархия.

10. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады, егер:

- A) әкімшілік айыппұл төлегенін растайтын құжаттың болуы
- B) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліксіздігі
- C) жәбірленушінің өлімі
- D) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның заңда белгіленген тәртіппен есірткі саудасының айналымына байланысты қылмыс туралы
- E) қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылуы

11. Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдары туралы заңы?

- A) 2014 жылы 21 сәуір
- B) 2014 жылы 25 сәуір
- C) 2014 жылы 23 сәуір
- D) 2014 жыл 30 қазан
- E) 2014 жыл 2 сәуір

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау нысандарын көрсетіңіз?

- A) ауызша
- B) жазбаша немесе электрондық
- C) лауазымды адамның қалауы бойынша ауызша, жазбаша немесе электрондық
- D) тек жазылған
- E) тек электронды

13. Құқық бұзушылықтың алдын алу қандай шаралар бойынша жүзеге асады?

- A) жалпы
- B) кайталама
- C) негізгі
- D) міндеттелінген
- E) жедел іс-шаралар

14. Кімге қатысты 3 сағат ішінде әкімшілік қамауға алу шарасын қолдануға жол беріледі?

- A) 48 жастан асқан әйелдер
- B) жүкті әйелдер
- C) 14 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер
- D) кәмелетке толмағандар
- E) 1 топтағы мүгедектер

15. Төменде көрсетілгендердің қайсысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына қолданылмайды?

- А) жеткізу
- В) әкімшілік қамауға алу
- С) жете тексеру
- Д) жеке тұлғаны медициналық тексеру
- Е) әкімшілік қамауға алу

16. Әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша іс жүргізу барысында кинематографияны, фотографияны, бейнежазбаны пайдалануға жол беріле ме?

- А) рұқсат
- В) тыйым салынған
- С) сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) рұқсатымен, іске қатысушы адамдардың пікірін ескере отырып рұқсат етіледі
- Д) прокурордың рұқсатымен рұқсат етіледі
- Е) егер бұл іске кәмелетке толмағандар, сондай-ақ шетелдік азаматтар қатысса, рұқсат етіледі

17. Қандай қызмет ПО-ның әкімшілік қызметіне жатпайды?

- А) қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- В) күзет қызметі
- С) лицензиялық-рұқсат беру қызметі
- Д) тергеу мен анықтауды жүзеге асыру
- Е) ПО-ның қаржылық және шаруашылық қызметі

18. ПО жүйесін не құрайды?

- А) әкімшілік, криминалдық, көші-қон полициясы және әскери-тергеу органдары
- В) әкімшілік, криминалдық, әскери, көші-қон және жол полициясы
- С) әкімшілік, криминалдық, әскери полиция және әскери-тергеу органдары
- Д) әкімшілік, криминалдық, көлік полициясы
- Е) полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы, Азаматтық қорғау органдары.

19. Әкімшілік қызметтің қандай нысандарын білесіз?

- А) құқықтық және құқықтық емес
- В) профилактикалық
- С) мемлекеттік-билік
- Д) заңға тәуелді
- Е) барлық жауаптар дұрыс

20. 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V заңы:

- А) ҚР ПО туралы
- В) Қылмыстық қызмет туралы
- С) Азаматтық құқық бұзушылық туралы

Д) ҚР ӨҚБтК

Е) ҚР құқық қорғау қызметі туралы

2.2. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту

№1 есеп.

Жаяу патрулі парктегі орындықта ұйықтап жатқан мас азаматты учаскелік полиция пунктіне жеткізді. Азаматты анықтау мақсатында өзімен бірге ешқандай да құжаттарының жоқтығы және мекен-жай бюросынан анықталмады. Азамат А. Сатыбалдиев құжаттарын жоғалтқанын және тұрақты тұрғылықты жері жоқ екенін мәлімдеді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай материал жинау қажет?*

№2 есеп.

АПБ кезекші бөліміне патрульмен азамат П. жеткізілді, ол мас күйінде балалар ойын алаңындағы тұрғындарға дөрекілік танытқан.

- 1. Жағдайды бағалаңыз.*
- 2. АПБ қызметкерлерінің іс бойынша жұмыс жасау алгоритмін құрастырыңыз.*
- 3. Жаза қолдану туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4. П. Ивановтың сауалнама хаттамасын жасаңыз*

№3 есеп.

Түнгі сағат сағат 3:00-шамасында С. азаматы «Колос» дүкенінде адамның қадір-қасиетіне тиетін сөздермен балағаттап, масқаралағаны үшін ПБ-не жеткізілді. Тергеу барысында С. азамат әкімшілік қадағалауда екенін анықтады.

- 1. Жағдайды бағалаңыз.*
- 2. Азамат С. әкімшілік қадағалау тәртібін бұзғаны үшін қандай жауапкершілікке тартылады.*
- 3. Осы факт бойынша қандай құжаттар жиналуы қажет?*
- 4. Азамат С. жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

№4 есеп.

Сағат 00:00 шамасында учаскелік полиция инспекторы әкімшілік қадағалауда тұрған азамат В. тұрғылықты жері бойынша тексерді. Тексеріс барысында азамат В. үйінде болған жоқ. Туыстары оның жұмыстар әлі келмегенін, қайда екенін білмейтінін айтты. Ал азамат В. түнгі 1:00 сағат шамасында қоғамдық орында мас күйінде жүргені анықталды.

- 1. Қалыптасқан жағдайды бағалаңыз*
- 2. Осы әрекет бойынша учаскелік полиция инспекторының іс-әрекет алгоритмін жасаңыз*
- 3. Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4. Учаскелік полиция инспекторы қандай материалдар жинауы*

қажет.

№5 есеп.

Азамат А. орталық саябақта орындықта бір бөтелке арақ ішуге келеді. 100 грамм арақ ішкеннен кейін оны жаяу патруль ұстап, учаскелік полиция пунктіне жеткізді. Учаскелік полиция инспекторы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасап, бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарды.

1. Жаздайды анықтаңыз және ПО қызметкерлерінің іс-әрекеттерін бағалаңыз.

2. Осы факт бойынша жиналуы керек құжаттарды тізімдеңіз.

3. Азамат А. әкімшілік жаза қолдануға кім құқылы?.

4. Арақты алу туралы хаттама жасаңыз.

№6 есеп.

Жаяу патруль сағат 19.00 шамасында азамат А. көп пәтерлі үйдің ауласында үлкен итпен серуендеп, аула тұрғындары мен айналасындағыларға алаңдаушылық пен кедергі келтіргенін байқады.

Полиция қызметкерлерінің ескертулеріне сәйкес, А. иттің үйретілгенін, сондықтан оның мойнына салатын торын үйде қалдырғанын айтты.

1. Жаздайды бағалаңыз және анықтаңыз.

2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.

3. Қандай материалды жинау керек және ол туралы кім шешім қабылдайды.

4. Азамат А. сауалнама хаттамасын жасаңыз

№7 есеп.

Азамат П. досы А. мен бірге саябақта арақ ішеді. Отырыс барысында өтіп жатқан азаматтарды әртүрлі сөздермен балағаттаған. Осының нәтижесінде азаматтар жаяу патрульмен ПБ-іне жеткізілді.

1. Жаздайды бағалаңыз

2. Аталған факт бойынша қандай құжаттар жиналуы қажет?

3. Азаматтардың жауаптылығы қандай болмақ?

4. Азаматтарды жеткізу хаттамасын жасаңыз

№8 есеп.

Полицияның екі қоғамдық көмекшісі Орталық саябағында белгіленбеген жерінде темекі шеккен екі жасөспірімді байқады. Қоғамдық көмекшілердің ескертулеріне құлақ аспаған соң мәжбүрлеп, учаскелік полиция пунктіне жеткізілген кезде олар бағынбады.

Анықтау барысында кәмелетке толмағандардың бірі УПИ-не үш ай бұрын полицияның қоғамдық көмекшілеріне бағынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын анықтады.

1) құқық бұзушылықты анықтаңыз.

- 2) бұл жағдайда қандай лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқығы бар?
- 3) әкімшілік жаза қолдануға кімнің құқығы бар?
- 4) осы фактілер бойынша УПИ жасауы тиіс құжаттарды атаңыз.

№9 есеп.

Көлік құралының құжаттарын тексеру барысында жүргізуші азамат А. мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі басқа автокөліктікі екені анықталды. Азамат С. мемлекеттік нөмір жоғалғанын түсіндірді және ол біраз уақытқа көлігі жөнделіп жатқан досынан нөмір белгісін алғандығы анықталды.

- 1) Құқық бұзушылықты анықтаңыз.
- 2) Бұл жағдайда қандай лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқығы бар?
- 3) әкімшілік жаза қолдануға кімнің құқығы бар?
- 4) осы факті бойынша ПО қызметкері жасауы тиіс құжаттарды атаңыз.

№10 есеп.

Жаяу патруль УПП-не азамат Р. жеткізді, ол вокзал маңындағы алаңда өтіп бара жатқан азаматтарға тәулікке және сағатқа пәтер, сондай-ақ жыныстық қызмет көрсету үшін жеңіл мінез-құлықты әйелдерді ұсынады.

- 1) Құқық бұзушылықты анықтаңыз.
- 2) Бұл жағдайда қандай лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқығы бар?
- 3) Әкімшілік жаза қолдануға кімнің құқығы бар?
- 4) Аталған факті бойынша УПИ жасауы тиіс құжаттарды атаңыз.

№11 есеп.

Қостанай қаласы теміржол торабының бойында азамат О. мас күйінде болып, жолаушыларға дөрекілік танытып, ақша сұрап мазаларын алғаны белгілі болды. Осы бойынша азамат О. патрульмен ПБ кезекші бөліміне жеткізілді. Жеткізілген соң азамат ПБ қызметкерлеріне бағынбай, оларға дөрекілік танытқан.

1. Жағдайды бағалаңыз.
2. Осы оқиға бойынша ПБ қызметкерлерінің іс-әрекет алгоритмін құрастырыңыз.
3. Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды,
4. Азамат О. көрсеткен мінез-құлқын бағалаңыз.

№12 есеп.

ПБ кезекші бөліміне үш студент жеткізілді, оларды «Колос» МҮ бақылаушысы билетсіз дискотекаға өткізгісі келмеді. Студенттер жанжал шығарып, бақылаушыны әдепсіз сөздермен қорлады.

1. Жағдайды анықтаңыз
2. ПБ кезекші бөлімі қандай материал жинауы керек.

3. *ПО кезекшісі не істеу керек.*
4. *Жеткізу хаттамасын жасаңыз.*

№13 есеп.

2021 жылғы 23 ақпан күні орталық саябақта «Ішкі әскер» күнінен байланысты спорттық іс-шара өтіп жатыр еді. Осы кезде Гоголь көшесі «Қазақстан» кинотеатр жанында Ларионов және Кудин мас күйде болып, қастарынан өтіп бара жатқан Зарекиннен арақ шөлмегін алуға ақша беруіне талап қойған.

Ларионов пен Кудиге, Зарекин бермеймін деген жауап бергенде, олар оны былапат сөзбен балағаттап, соққыға жығамыз деп қорқытты.

Келген полиция наряды Ларионова пен Кудинге жөнге келулеріне талап қойды, бірақ олар белсенді қарсылық күш көрсеттіп, полиция қызметкерлерінің біреуінің погонын жұлып алды.

Тапсырма :

1. *Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Ларионов пен Кудиннің әрекеттерін ҚР ӘҚБтК-не сәйкес саралаңыз.*
2. *Тап осы жағдайдағы полиция нарядының әрекеттерін анықтаңыздар.*
3. *Тап осы жағдайда әкімшілік жаза салуы кімнің юрисдикциясына кіреді?*

№14 есеп.

Кешкі сағат 18:40 шамасында «Анель» дүкенінде азаматша Р. ақшалай алған қарызын бермегені үшін, танысы Г. боқтап, әдепсіз сөздермен қорлаған. Дүкен иесінің ескерткеніне қарамастан, азаматша Р. өз әрекетін жалғастыра берген. Дүкен иесі учаскелік полиция инспекторына қоңырау шалып, көмек сұраған.

1. *Жағдайды бағалаңыз.*
2. *Учаскелік полиция инспекторының іс-әрекеті алгоритмін құрастырыңыз*
3. *Азаматша Р. қатысты жауапкершілігі анықтаңыз.*
4. *Жаза қолдану туралы шешімді кім қабылдайды?*

№15 есеп.

18 жастағы С. азаматы ағасы берген «Ауди-80» көлігін басқарып, электр беру тірегіне соқтығысып, оқиға орнынан қашып кетті. Электр беру тірегі жерге құлап, «Қалалық электр желісі» ұйымына 32 мың теңге шығын келтірді.

1. *Құқық бұзушылықты анықтаңыз.*
2. *Бұл жағдайда қандай лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқығы бар?*
3. *Әкімшілік жаза қолдануға кімнің құқығы бар?*
4. *Осы факті бойынша ПО қызметкері жасауы тиіс құжаттарды атаңыз.*

№16 есеп.

Көлік құралының құжаттарын тексеру барысында жүргізуші азамат С. мемлекеттік тіркеу нөмір белгісі басқа автокөлікте екені анықталды. С. мемлекеттік нөмір жоғалғанын түсіндірді және ол біраз уақытқа көлігі жөнделіп жатқан досынан нөмір белгісін алғандығы анықталды.

- 1) Құқық бұзушылықты анықтаңыз.
- 2) Бұл жағдайда қандай лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқығы бар?
- 3) Әкімшілік жаза қолдануға кімнің құқығы бар?
- 4) Осы факті бойынша ПО қызметкері жасауы тиіс құжаттарды атаңыз.

№17 есеп.

Полиция патрульдік нарядына «Анель» азық-түлік дүкенінің сатушысы Д. азаматы 12.00 сағатқа дейін арақ сатпағаны үшін алушылардың алдында балағаттағандығы туралы арызбен жүгінді.

1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
2. Осы жағдайдағы полиция қызметкерінің әрекет ету алгоритмін және қандай құжаттар толтыру қажет екендігін мазмұндаңыз?
3. Д. азаматы әкімшілік жаза тағайындау туралы шешімді кім қабылдайды?
4. Полиция патрульдік нарядының жеткізу хаттамасын құрастырыңыз.

№18 есеп.

Қостанай қаласының Абай көшесінде «ТОУОТА» автокөлігінің жүргізушісі өзінің авкөлігін «Мирас» мәдениет үйінің қасындағы тұраққа «Тоқтауға тыйым салынады» деген жол белгісіне қарамастан қойды.

1. Жағдайды саралаңыз
2. Полиция патрулінің әрекеті дұрыс па?
3. Осы жағдайда әкімшілік жаза тағайындау туралы шешім қабылдауға кім құқылы?
4. «ТОУОТА» жүргізушісінің сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№19 есеп.

Патрульдік полиция қызметкерлері мас күйінде автобус салонында темекі шеккені үшін М. азаматы ұсталды.

1. Жағдайды бағалаңыз
2. Аталған факті бойынша ПО қызметкерлері қандай құжат жинауы керек?
3. М. азаматын жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?
4. М. азаматын ұстау хаттамасын құрастырыңыз.

№20 есеп.

Патрульдік полиция қызметкерлері ПБ кезекші бөліміне профилактикалық есепте тұрған Л. азаматы дәмханада сыра ішкені үшін жеткізді. ПБ кезекшісі профилактикалық есепте тұрған азаматтың әрекетін, әкімшілік қадағалау тәртібін бұзды деп саралап, Л. азаматты істің сотта шешілуіне дейін ұстады.

1. *Жағдайды бағалаңыз*
2. *ПБ кезекшісі дұрыс жасады ма?*
3. *Аталған факті бойынша жиналуы қажет құжаттарды атаңыз*
4. *Л. азаматты сұрау хаттамасын толтырыңыз*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қоғамдық тәртіпке қол сұғатын құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу.
2. Қоғамдық тәртіпке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағанды профилактикалық есепке алу және бақылау.
3. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикалық шаралары.
4. Қоғамдық тәртіпке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
5. Қоғамдық тәртіпке қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың профилактикасы.
6. Қоғамдық орында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылықтар?
7. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша ПО қызметі.
8. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік ұғымы.
9. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтар.
10. Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ПО міндеттері мен функциялары.
11. Қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу саласында ПО мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.
12. Қоғамдық тәртіпті топтық бұзушылықтар мен жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесу кезінде басқару тобының мақсаты қандай?
13. Қоғамдық орында мас күйіндегі адамға қатысты әкімшілік ұстау мерзімі.
14. Қоғамдық орында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ПО-ға жеткізілген және ұсталған адамдарды ресімдеу тәртібі қандай?
15. Көпшілік іс-шаралар өткізу жағдайында қоғамдық тәртіпті сақтауды атқару кезеңі кезіндегі ПО қызметі.
16. Қоғамдық құрылымдар дегеніміз кім?
17. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың міндеттері.
18. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметтер?

19. Азаматтарды және ұйымдарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту дегенімізді қалай түсінесіз.

20. Құқық бұзушылық профилактикасы жүйесінің ұйымдарын құру тәртібі.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Бекітілген патрульдік учаскеде немесе бұқаралық іс-шаралар өткізілетін аймақтың, объектінің аумағында патрульдік-бекеттік қызмет атқару үшін біріктірілген бірнеше ПҚК патрульдері құрамындағы ЖБН қалай аталады:

- A) патруль
- B) патрульдік топ
- C) жылжымалы пункт
- D) полицияның кешенді күштері
- E) патрульдік-бекеттік қызмет

2. Патрульдік-күзет қызметін атқару үшін ППН-ға тағайындалған адамдар ПО-ға немесе арнайы тағайындалған орынға қанша уақытта келеді:

- A) 25 минутта
- B) 30 минутта
- C) 15 минутта
- D) 20 минутта
- E) 1 сағатта

3. Патрульдік-күзет қызметін атқару үшін ППН-ға тағайындалған адамдар ПО-ға келгені туралы хабарлайды:

- A) бастықтарына
- B) кезекшіге және өз командміріне
- C) ППН құрамындағыларға
- D) бекетте тұрғандарға
- E) барлық бөлімдерге.

4. Төмендегілердің қайсысы қоғамдық орын емес?

- A) тұрғын үйдің пәтері
- B) денсаулық сақтау ұйымдары
- C) білім беру мен демалысты ұйымдастыру
- D) тамақтану пункттері
- E) мұражайлар

5. Жедел жағдайдың күрделенуіне байланысты кенеттен туындайтын міндеттер жағдайларында іске қосылған күштер мен құралдарды күшейтуге, сондай-ақ патрульдер мен күзетшілерді ауыстыруға арналған ТБН қалай аталады?

- A) тосқауыл
- B) патруль
- C) патруль құралдары
- D) резерв
- E) берілгендер

6. Төмендегілердің қайсысы мерзімді қоғамдық орындарға қатысты?

- A) көшелер
- B) жолақ
- C) төртбұрыштар
- D) бульварлар
- E) демалыс аймақтары

7. Қызметкерлер қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын орын немесе жергілікті жер учаскесі:

- A) бекет
- B) патруль орны
- C) жылжымалы пункт
- D) тосқауыл
- E) патрульдік бөлініс

8. Күдікті затты табылған жерден алып тастау өте маңызды болған жағдайда полиция қызметкерінің атқаратын маңызды іс-әрекеті:

- A) затқа (объектіге) жақындаған соң, оның қандай да бір шығыңқы бөліктерінде ілгегі, карабині және т. б. бар жіпті абайлап бекіту керек
- B) суға түсіру және шикі бөлмеде сақтау
- C) жылу көздеріне жақын орналастыру немесе термоөңдеу
- D) заттарды толық жабу керек
- E) бүлдіру немесе шамадан тыс механикалық әсерге ұшырату.

9. Полиция қызметкері адамдарды қауіпті аймақтан адамдарды эвакуациялау алдында қандай іс-шара атқаруы қажет:

- A) жүргізілетін іс-шараларды жоспарлап алу қажет
- B) қауіпті аймақтың картасымен танысу керек
- C) жүргізілетін іс-әрекеттер туралы халықты хабардар ету керек
- D) жүргізілетін маршруттарды тексеру қажет
- E) қауіпті аймақтан қолайлы жер таңдауы керек

10. Патруль құрамын анықтаңыз:

- A) бөлімше бастықтары
- B) ҰҰ әскери қызметшілері
- C) командирлер
- D) бөлім кезекшілері
- E) жергілікті тұрғындар

11. Командирлердің бірыңғай басшылығымен болатын топтарға, бөлімшелерге, взводтарға, роталарға, батальондарға, полктерге және бригадаларға құрылымдық бөлінісі бар ПО бөлімшелер:

- A) патрульдік топтар
- B) патрульдік-бекеттік қызметтер
- C) негізгі-патрульдік полицияның саптық бөліністері
- D) полицияның кешенді күштері
- E) саптық полиция бөлімшелері

12. Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде:

- A) қылмыстық құқық бұзушылықтың жолын кесуге батыл шаралар қолданады;;
- B) қылмыстық құқық бұзушыларды қудалауды және ұстауды ұйымдастырады;
- C) жәбірленушілерге көмек көрсетеді, қажет болған жағдайда жедел жәрдем шақырады;
- D) мүмкіндігінше куәларды (куәларды) анықтайды;
- E) барлық жауаптар дұрыс

13.Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік ұғымы?

- A) Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы ішкі істер органдары мен азаматтардың қызметін үйлестіруді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік профилактика кеңестерінің және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиялардың отырысында өзара іс-қимыл жасасу нәтижелерін қарауға ұсыну жолымен жүзеге асырады
- B) Құқық бұзушылықтың алдын алу-құқық бұзушылықтың жасалу себептері мен жағдайларын анықтау және жою немесе құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, тәрбиелік және өзге де шаралардың жиынтығы.
- C) Заңда құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ПО қызметінің негізгі міндеттері мен қағидаттары, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесінің органдары мен мекемелері, жеке алдын алу жұмыстары жүргізілетін адамдардың санаттары, жеке алдын алу шаралары және өзге де мәселелер айқындалған.
- D) Қоғамдық қауіпсіздіктің жалпы ережелері және негізгі ұғымдары. Қоғамдық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің оларға елеулі залал келтіруі мүмкін ықтимал қауіп пен қатерден қорғалуы.
- E) Көрсетілген жауаптардың барлығы

14. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы анықталған кемшіліктерді жою туралы ұйымдастыру комитетін қандай мерзімде хабардар етеді?

- A) іс-шара өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күн ішінде;
- B) іс-шара өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күн бұрын;
- C) іс-шара өткізілетін күнге он жеті күн қалғанда;

- Д) іс-шара өткізілетін күнге дейін екі күн бұрын;
- Е) іс-шара өткізілетін күнге дейін күнтізбелік бес күн бұрын.

15. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша ПО қызметі қандай?

- А) Құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілерінің қызметін үйлестіру құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды уақтылы анықтау, жолын кесу және ескерту бойынша олардың келісілген іс-әрекеттерді әзірлеу және жүзеге асыру арқылы алдын алу жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырады.
- В) Қылмыстық қудалауды, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асырады, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның құқықтары мен бостандықтарына, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне қол сұғатын құқық бұзушылықтарды анықтау, ескерту және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды орындайды
- С) Дұрыс жауап жоқ
- Д) Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы ішкі істер органдары мен азаматтардың қызметін үйлестіруді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік профилактика кеңестерінің және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиялардың отырысында өзара іс-қимыл жасасу нәтижелерін қарауға ұсыну жолымен жүзеге асырады
- Е) Құқық бұзушылықтың алдын алу-құқық бұзушылықтың жасалу себептері мен жағдайларын анықтау және жою немесе құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, тәрбиелік және өзге де шаралардың жиынтығы.

16. Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздік ұғымы қандай?

- А) Қоғамдық іс-шаралар жүйесі
- В) Жедел іс-шаралар
- С) Қоғамды жақсарту бойынша іс-шаралар
- Д) Құқық бұзушылықтың себебін анықтау
- Е) Жеделдетілген іс-шаралар

17. Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтарды көрсетіңіз:

- А) Жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің оларға елеулі залал келтіруі
- В) Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орында былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау.
- С) Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орында былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару және қоғамдық тәртіпті

және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерге сыйламаушылықты білдіретін басқа да іс-әрекеттер жасалған жағдайлар.

Д) Скверлерді ластау.

Е) Дұрыс жауап жоқ

18. Халықты қоғамдық тәртіптің топтық бұзушылықтарын тудыруы мүмкін жағдай туралы хабардар етуге рұқсат етіле ме?

А) иә;

В) жоқ;

С) істердің нақты жағдайы туралы қажетті жағдайларда ғана;

Д) Төтенше жағдайлар кезінде ғана;

Е) Төтенше жағдайлар кезінде ғана.

19 Қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу саласында ПО мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі қандай?

А) Өзара топтасқан

В) Жек-дара

С) Топтасқан

Д) Дұрыс жауап жоқ

Е) Бірлескен

20.Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ПО міндеттері мен функциялары қандай?

А) Бақылау функциясы

В) Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты

С) Қадағалау функция

Д) Іске асырушылық

Е) Бірлесіп жұмыс жасау

2.3. Отбасы тұрмыстық-қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу

№1 есеп.

2021 жылдың 05 қаңтарында азаматша А. Қостанай қаласының оңтүстік полиция бөлімінің кезекші бөліміне жүгінді және оның жұбайы Б. жұмыстан жиі масаң күйінде келіп, үйде жанжал шығарады. Жанжал барысында оған дене жарақатын салады деп хабарлады. Жәбірленушінің айтуынша азамат Б. 2021 жылдың 15 қаңтарында кешке тағы да масаң күйінде үйге келіп, сол жақ кеуде қуысының төменгі бөлігін ұрды. Соққыдан кейін жәбірленуші осы аймақта қатты ауырсынуды сезінді, ол осы уақытқа дейін төзіп келгендігін, өйткені ол жұбайы Б. одан әрі ашуландырудан қорықты.

Тапсырма:

- 1. Жұбайының іс-әрекетін анықтаңыз.*
- 2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?*
- 4. Бұл жағдайда құқық бұзушыға қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?*

№2 есеп.

Азаматша А. отбасылы еркекпен романтикалық қарым-қатынаста болып, аяғы ауыр болып қалды. Түсік жасаудан бас тартып, көңілдесіне баланы өзі үшін және оған одан ештеңе талап етпейтінін айтты. Босанғаннан соң жарты жалдан кейін азаматша А. баласының биологиялық әкесінен көмек сұрады. Ол болса, оған көмектесе алмайтынын, өйткені отбасылық қаражатын әйелі жұмсайтынын айтты. Азаматша А. егер ақша бермейтін болса, әйеліне олардың байланыстары туралы айттатынын айтып қорқытты. Ер жігіт учаскелік полиция инспекторынан көмек сұрады.

- 1) Жағдайды саралаңыз және зорлық-зомбылық түрін анықтаңыз.*
- 2) Зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілерінің әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.*

№3 есеп.

Азаматша Л. соңғы уақытта үйіне мас күйінде келіп, жанжал шығаратын өзінің күйеуі Ж.-ға шағым айтып жүгінді. Шағымданғанын біліп балағаттайды. Егер тағы да шағымданатын болса күш қолданатынын айтып қорқытады. Күйеуі Ж.-ға учаскелік полиция инспекторы айтқан шағымдарына байланысты түрлі жағдай болатынын айтып ешқандай шара қолданбайды. Күндердің күнінде әйелі денсаулығына жеңіл жарақат алып, арнайы құзырлы органдарға хабарласады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз.*

- 2) Полиция қызметкерлері тұрмыста құқық бұзушылық*

жасағандары үшін жауапкершілікке тартыла ма?

3) Арнайы құзырлы органдарға әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

№4 есеп.

Учаскелік полиция инспекторына А. азаматша баласын қайтаруға көмек сұрап келді. Ол некеде 5 жыл тұрған, 3,5 жастағы ұлы барын, дүкенде сатушы болып жұмыс істейтінін, жалдамалы пәтерде тұратынын айтады. Соңғы жылдары күйеуімен екеуінің арасында түрлі себептермен жанжалдар болған. Кезекті жанжалдан соң үш күннен кейін күйеуі онымен тұрғысы келмейтінін айтып, баласын алып, ата-анасына кетіп қалған. Күйеуінің ата-анасы оны ұнатпайды, үйіне кіргізбейді, баланы бермейді.

1) Жағдайды бағалаңыз. Осы жағдайдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық түрін анықтаңыз.

2) Учаскелік полиция инспекторының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Басқа субъектілердің тұрмыстық зорлықтың алдын алу бойынша қандай көмек көрсетуі мүмкін?

№5 есеп.

Азамат Д, оған қатысты учаскелік полиция инспекторы бір апта бұрын 30 тәулікке шығарған қорғау нұсқамасына қарамастан ол үйіне мас күйінде келіп, жанжал шығарып, әйелін балағаттады. 10 жастағы қызы жанжалдың куәгері болды. Жәбірленушінің шақыртуы бойынша УПИ келіп, анықтау барысында күйеуі әйелін балағаттамағанын, қорғау нұсқамасын бұзбағанын, ал спирттік ішімдіктерін ішуге тыйым салынбағандығын айтты.

1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.

2) Учаскелік полиция инспекторының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Азамат Д-ға қандай мәжбүрлеу және профилактика шараларын қолдануға болады?

4) Арызданушыға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың басқа субъектілері қандай көмек көрсете алады?

№6 есеп.

Азамат Д сотпен оның мінез-құлқына байланысты бір жылға ерекше талаптар қойылды, оған әйелімен көзбе көз, телефон арқылы және басқа да тәсілдермен байланысуға тыйым салынды, сонымен қатар кәмелеке толмаған балаларын және басқа да отбасы мүшелерін қолдану арқылы, және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанымен басқа да байланысуға тыйым салынды. Азамат Д. көңілдесіне барады. Бірақ әйелімен ажыраспады және мүлкін бөлу бойынша сот болмады. Д-ның әйелі ПО-на оның күйеуінің тыйым салынғанына қарамастан жиі телефон соғатынын, баласымен кездестіруін талап ететінін және мүлкінің жартысын өзінікі санайтынын және беруін талап ететінін айтып шағым түсірді.

1) Жаздайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.

2) Учаскелік полиция инспекторының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Азамат Д қандай мәжбүрлеу және профилактика шараларын қолдануға болады?

4) Арызданушыға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың басқа субъектілері қандай көмек көрсете алады?

№7 есеп.

Ерлі-зайыптылар (М-күйеуі және Ж-әйелі – екеуі де 1985 жылы туған) заңды некеде 16 жыл тұрған. Араларында ешқашан үлкен жанжалдар мен ұрыстар болмаған. Бірақ Ж. жақын құрбысы оған күйеуінің ағасының үйіне барған кезде жеңіл жүрісті әйелімен көзіне шөп салғанын айтты. Осы себептен Ж. үйінде жанжал шығарып, М.-ды балағаттады. М. шадай алмай оған кесені лақтырды, кесе бетіне тиіп денсаулығына жеңіл зиян келтірді. Ж. ПО (102) және учаскелік полиция инспекторына хабарласып, М. шара қолдануын сұрады, бірақ медициналық куәландырудан өтуден бас тартты. Аталған жанжалдың куәгерлері көршілері болды.

1) Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерінің және басқа да тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Осы жаздайда қандай жеке алдын алу шараларын қолдануға болады?

№8 есеп.

Күйеуі мас күйінде қызғаныштан подъездің қасында әйелін балағаттап, жанжал шығарды. Әйелі оны итеріп жіберіп, өзінің үйіне кіріп кетіп, есігін құлыптап алды. Күйеуі есікті сындырмақ болды, есікті қатты қағып, балағаттауын доғармады. Әйелі терезеден секіріп шығып, учаскелік полиция инспекторына шағым түсірді.

1) Зорлық фактісін бағалаңыз, саралаңыз және зорлық түрін анықтаңыз.

2) Егер жәбірленуші полицияға өзі келсе, алғашқы әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.

3) Егер жәбірленуші көмек көрсету бойынша ұйымға өзі келсе, алғашқы әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.

4) Жәбірленуші әйелге қандай көмек қажет?

№9 есеп.

2021 жылдың 20 қаңтарында Алтынсарин көшесіндегі №34 үйдің көршілерінің арызы бойынша учаскелік полиция инспекторы үйінде таңғы 5-ке дейін әуен қатты ойнаған азамат Р. қатысты материал жиналды. Р. туған күні болғандығын айтты. Анықтау барысында учаскелік полиция инспекторына өткен жылы туған күнін тойлап, дәл осындай құқық бұзушылық жасағандығы және ПО бастығының қаулысымен 5000 теңге

көлеміндегі айыппұл өтегендігі мәлім болды.

1) Жағдайды бағалаңыз.

2) Осы жағдайда учаскелік полиция инспекторы қандай әрекет етуі тиіс?

3) Отбасылық жанжалшы ретінде Р. профилактикалық есепке қойыла ма?

№10 есеп.

Учаскелік полиция инспекторына азаматша Ж. өзінің күйеуі П.-ға соңғы жарты жылда спирттік ішімдік ішіп, балағаттап, күш қолданатындығын айтып қорқытатындығын айтып арызданды. Анықтау барысында учаскелік полиция инспекторы П.-тың әуесқой аңшы екендігін және сақтауда қаруы бар екендігін анықтады.

1) Азамат Ж. әрекетін бағалаңыз және саралаңыз.

2) П. заңды жауапкершілікке жата ма?

3) Аңшылық қаруды алып қоюға учаскелік полиция инспекторына негіз бар ма?

4) Отбасылық жанжалшы ретінде азамат П. профилактикалық есепке қойыла ма?

№11 есеп.

Л. өзінің сүйікті «Қайрат» футбол командасы ҚР кубогын «Тобыл» футбол командасынан жеңіліп қалғаны үшін теледидарын терезеден лақтырып жіберіп, өтіп бара жатқан К.-ға жеңіл дене жарақатын келтірді. Жарты жыл бұрын Л. өзінің қайын енесін балағаттағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Учаскелік полиция инспекторы Л.-ды отбасылық жанжалшы ретінде профилактикалық есепке қойып, К.-ға келтірілген дене жарақаты үшін моральдық зиянды төлеуін міндеттеді.

1) Жағдайды және учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.

2) Жіберілген құқық бұзушылығы үшін Л.-ды жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

3) К.-ға келтірілген дене жарақаттары фактісі бойынша қандай материал жиналуы тиіс?

№12 есеп.

АІБ кезекшісі учаскелік полиция инспекторына оған жедел түрде Фараби көшесі, 23 үй, 45 пәтерге азамат П.-ға жанжал шығарған үйге баруы қажеттігін айтты. Учаскелік полиция инспекторы П.-ны дәрігер-психиатрдың есебінде және ПО профилактикалық есебінде отбасылық жанжалшы ретінде тұрғанын анықтады.

1) Жағдайды бағалаңыз.

2) Ж.-ны әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жата ма?

3) Осы жағдайда қандай мәжбүрлеу шараларын қолдануға болады?

4) Учаскелік полиция инспекторы қандай материал жинауы тиіс?

№13 есеп.

Учаскелік полиция инспекторына жеке сұрақтары бойынша қабылдау уақытында азаматша Н. өзінің күйеуі Д. жиі үйінде қонбайтындығын және үйге спирт ішімдігінің иісімен келетіндігін айтып арызданды. Ол күйеуін көзіне шөп салады деп күдіктенеді. Жиі жанжал болады. Отбасы ажырасу шегінде тұр. Көшілері учаскелік полиция инспекторын шақыртып күйеуіне бір шара қолдануы туралы өтінді.

- 1) *жағдайды саралаңыз.*
- 2) *Әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жата ма?*
- 3) *Учаскелік полиция инспекторының әрекеті қандай?*

№14 есеп.

Бала туылғаннан соң М-ның күйеуі баланың өзінен еместігіне күдіктеніп, басқа әйелге кетіп қалды. Ресми түрде ажырасқан соң сот шешіміне қарамастан күйеуі алимент төлеуден бас тартты. Себебі бала өінен еместігін әйелге материалдық көмек көрсеткісі келмейтіндігімен түсіндірді. Майра учаскелік полиция инспекторына өмір сүруге қаражатының жоқтығына байланысты күйеуіне төлемін төлеуге көмек етуін сұрады. Учаскелік полиция инспекторы денсаулық сақтау органдарына ДНК тест жасау үшін жүгінуін ұсынды. Ал соттың шешімінің орындалмауы туралы сот приставтары мен сот орыдаушыларына алиментті мәжбүрлі түрде төлету үшін жүгінуін айтты. Майра, учаскелік полиция инспекторының айтқанымен келіспей прокурорға шағым жасады.

1) *Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.*

2) *Майраның әрекетін бағалаңыз. Оған тағы қандай кеңес беруге болады?*

3) *Учаскелік полиция инспекторының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*

4) *Басқа субъектілердің тұрмыстық зорлықтың алдын алу бойынша қандай көмек көрсетуі мүмкін?*

5) *Тұрмыстық зорлықтың алдын алу субъектілері әкімшілік мәжбүрлеудің және жеке алдын алудың қандай шараларын қолдануы тиіс?*

№15 есеп.

Тумасян Ю.Г. өзінің әйелі А.Ж. Жумабаевамен (қыз кезіндегі тегі) 5 жылдан артық тұрды. Бірақ соңғы жарты жыл шамасында екеуінің арасында Тумасян әйеліне қазақ тіліндегі бағдарламаларды көруге рұқсат етпеуіне байланысты жанжал туындай бастады, онысын ол өзінің қазақ тілін түсінбейтіндігімен түсіндірді. Сонымен қатар ол оны армян ұлттық тағамдарын дайындай алмайтындығы үшін ұрысты. Олардың арасында ұлтшылдық бойынша жанжалдар жиі туа бастады. Ұрыстар барысында Тумасян әйеліне күш қолданатынын айтып қорқытты, ал әйелі егер олай жасайтын болса, онда ол учаскелік полиция инспекторына немесе

прокуратураға шағымданатынын айтты. Осы ұрыстар түнгі уақытта да балағаттаумен, ыдыс сындырумен жалғасып, көршілерін мазалайтын болды. Көршілері ПО-на шағымданып, учаскелік полиция инспекторы Тумасян отбасын ауызша ескертті. Көршілерінің қайта прокуратураға шағымына әкімшілік іс қозғалып, процессуалдық шешім қабылдау үшін ПО-на жолданды.

1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.

2) Прокурордың әрекетін бағалаңыз.

3) Учаскелік полиция инспекторының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

4) Басқа субъектілердің тұрмыстық зорлықтың алдын алу бойынша қандай көмек көрсетуі мүмкін?

5) Тұрмыстық зорлықтың алдын алу субъектілері әкімшілік мәжбүрлеудің және жеке алдын алудың қандай шараларын қолдануы тиіс?

№16 есеп.

Азамат Н., іс-сапрадан келіп, Пушкин 135 мекен-жайындағы өз үйінің есігін қақты. Есікті әйелі ұзақ уақыт ашпады. Азамат Н. терезеден бір ер адамның секіріп шығып қаша жөнелгенін көрді. Азамат Н., әйелін көзіне шөп салады деп күдіктеніп соңынан қуа жөнелді. Азамат Н. әйелі күйеуінен қорқып көшеге жүгіріп шықты, азамат Н. оны балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытты. Әйел учаскелік полиция инспекторына келіп шағымданып, күйеуіне шара қолдануын сұрады. Осы оқиғаның куәгерлері азамат Н. көршілері болды.

Учаскелік полиция инспекторы ҚР ӘҚБК 73-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғап, қорғау нұсқамасын шығарды.

1) Учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.

2) Азамат Н.-ге қатысты қандай әкімшілік мәжбүрлеу және жеке алдын алу шаралары қолданылады?

3) Азамат Н.-ді жазалай туралы шешімді кім қабылдайды?

№17 есеп.

Азамат А. Пригородный поселкісінің көшесінде 15 жыл көрмеген сыныптасы азаматша О. көріп, үйіне шығарып салды. Сыныптасы оны үйіне шай ішуге шақырды. 20 минуттан соң азаматша О. күйеуі келді, ол қызғаныштан жанжал шығарып, азамат А.ға күш көрсететінін айтып қорқытты. Азамат А. үйден шығып бара жатып, азаматша О.-ның күйеуі өзіне бағытталып келе жатқанын көрді. Азамат А. аулаға жүгіріп шығып моншаға тығылды. Азамат А. ұялы телефонынан ЖБО хабарласты, бірақ толық мекенжайды білмегендіктен айта алмады. ЖБО кезекшісі учаскелік полиция инспекторына хабарлап, мекенжайды анықтамақ болды. Азаматша О. күйеуі балтамен есікті сындырмақ болды, және әрі қарай қорқытуын қоймады.

1) Жағдайды саралаңыз.

2) ЖБО кезеңінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Азамат А. Қандай кеңес беруі қажет?

3) Оқиға орнына келген ІІО қызметкерлері қандай жанжалдың жолын кесу шараларын қолдануы тиіс?

№18 есеп.

Әйелі күйеуінен өзінің анасына кетіп қалды. Күйеуі олардың үйіне келіп, жанжал шығарды, әйелінің үйіне оралғанын талап етті. Әйелі бармайтынын айтып оны қуа бастады, сол кезде тапаншасын алып шығып, егер әйелі үйіне бармаса, онда өзін атып тастайтындығы туралы айтып қорқытты. Әйелі бас тартқан соң күйеуі өзін иығына атып, өзіне жеңіл дене жарақатын келтірді. Күйеуінің қарудың (тапаншаның) айналымына ресми рұқсаты болды.

1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.

2) Полиция қызметкерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Жәбірленуші әйелдерге қандай көмек қажет?

4) Тұрмыстық зорлықшыға көмек қажет пе?

5) Осы жағдайдағы зорлық құрбандарына арнайы көмек көрсету бойынша алдын алу субъектілерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

№19 есеп.

Ер адам өзінің анасымен және оларда бөлмені жалдайтын жас әйелмен бірге тұрады. Еркек әйелге бірнеше мәрте көңілін білдіріп, күйеуге шығуын сұраған. Ол үйіне мас күйінде кеш келіп, әйелдің бөлмесінің есігін қаға бастады, анасының ескертуіне құлақ аспады, балағат сөздер айтты. Таңертең әйел Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөліміне барды.

1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.

2) Полиция қызметкерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Әйелге қандай көмек қажет?

4) Тұрмыстық зорлықшыға қандай мәжбүрлеу шараларын қолдану қажет?

№20 есеп.

Әйелі күйеуінен өзінің анасына кетіп қалды. Күйеуі олардың үйіне келіп, жанжал шығарды, әйелінің үйіне оралғанын талап етті. Әйелі бармайтынын айтып оны қуа бастады, сол кезде тапаншасын алып шығып, егер әйелі үйіне бармаса, онда өзін атып тастайтындығы туралы айтып қорқытты. Әйелі бас тартқан соң күйеуі өзін иығына атып, өзіне жеңіл дене жарақатын келтірді. Күйеуінің қарудың (тапаншаның) айналымына ресми рұқсаты болды.

1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.

2) Полиция қызметкерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Жәбірленуші әйелдерге қандай көмек қажет?

4) Тұрмыстық зорлықшыға көмек қажет пе?

5) Осы жағдайдағы зорлық құрбандарына арнайы көмек көрсету бойынша алдын алу субъектілерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы заңнамалары.

2. Тұрмыстық зорлық түрлері.

3. Қазақстан Республикасының балалар мен отбасына қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу туралы заңнамасының қазіргі жай-күйінің жалпы сипаттамасы.

4. Отбасылық-тұрмыстық қылмыстардың алдын алу және ескерту.

5. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері.

6. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер.

7. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары.

8. Қорғау нұсқамасын шығару тәртібі

9. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттер.

10. Отбасылық-тұрмыстық қылмыстардың алдын алу және жолын кесу.

11. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласына қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасы.

12. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу.

13. Отбасылық-тұрмыстық қатынастарға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды профилактикалық есепке алу және бақылауға алу

14. Отбасылық-тұрмыстық қатынастарға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

15. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері.

16. Тәрбиелік ықпал ету шаралары.

17. Тәрбиелік ықпал ету шараларының мазмұны.

18. Денсаулығына қасақана зиян келтіргендегі жауапкершіліктер.

19. Мінез құлқына ерекше талаптар белгілеу тәртібі.

20. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1.Отбасы-тұрмыстық қатынастар қандай адамдар арасында танылмайды?

- A) бірге тұратын немесе тұрған
- B) романтикалық қатынаста сенімді
- C) бұрынғы ерлі-зайыптылар
- D) жақын туыстары
- E) бірлескен баласы бар (балалар)

2.Сот тұрмыстық зорлаушыға оның мінез-құлқына ерекше талаптар қойған кезде қандай шектеулер қолданбайды?

- A) жәбірленушіні іздемеу, іздемеу, оған бармау
- B) алкогольдік ішімдіктер мен есірткі заттарын қолданбау
- C) атыс қаруын сатып алмау және пайдаланбау
- D) мәжбүрлі психокоррекциялық бағдарламадан өтіңіз
- E) зорлық~зомбылық құрбанымен бірге тұрмауға

3.Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қандай түрлері қарастырылған?

- A) тек физикалық жыныстық және психикалық;
- B) тек физикалық, экономикалық және психологиялық;
- C) физикалық, психикалық, жыныстық және материалдық;
- D) физикалық, психологиялық, жыныстық және материалдық;
- E) физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық.

4.Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы сотқа кім өтініш бере алады?

- A) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны ғана;
- B) ішкі істер органдары және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылар;
- C) тұрмыстық зорлық~зомбылық құрбандарының пікірін ескере отырып, тек ПО;
- D) тек прокуратура;
- E) тек ПО.

5.Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын кім әзірлейді?

- A) ҚР Парламенті Мәжілісінің арнайы жұмыс тобы;
- B) Қазақстан Республикасының Прокуратурасы;
- C) Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары;
- D)Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- E) ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат комитеті.

6.Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы

аймақтық бағдарламалық құжаттарды кім бекітеді?

- A) Облыстың ішкі істер департаменті;
- B) жергілікті өкілетті органдар;
- C) Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы;
- D) өңірлік еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары;
- E) мұндай мамандандырылған бағдарламалар заңнамада қарастырылмаған

7.Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағанға қатысты қорғау нұсқамасы қандай мерзімге шығарылуы мүмкін?

- A) 10 тәулікке дейін;
- B) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шара қолданылмайды;
- C) 15 тәулікке дейін;
- D) 20 тәулікке дейін;
- E) 30 күнге дейін.

8.Тұрмыстық әкімшілік құқық бұзушылық үшін ішкі істер органдарына тұрмыстық зорлаушыны қандай мерзімге жеткізуге болады?

- A) тек 3 сағатқа дейін
- B) тек үш сағатқа дейін, ал егер құқық бұзушы медициналық қызметкер белгілеген айыққанға дейін мас күйінде болса
- C) 48 сағатқа дейін
- D) жеткізу ең қысқа мерзімде жасалуы керек
- E) 24 сағатқа дейін

9.Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі қай сәттен басталады?

- A) іс қозғалған сәттен бастап
- B) оны тұрмыстық зорлаушыға тапсырған сәттен бастап 10 тәуліктен кейін
- C) тұрмыстық зорлаушыны таныстырған сәттен бастап дереу
- D) тұрмыстық зорлық~зомбылық құрбандарына табыс етілген сәттен бастап
- E) оны тұрмыстық зорлаушыға тапсырған сәттен бастап

10.Қандай орган тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектісі болып табылмайды?

- A) білім беру органдары
- B) комиссия әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат
- C) жөніндегі комиссия кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау
- D) сот
- E) көмек көрсету ұйымдары

11.Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен алдын алу әңгімесі қанша уақытқа созылуы керек?

- A) бір сағаттан артық емес

- B) 45 минуттан артық емес
- C) 30 минуттан артық емес
- D) 15 минуттан артық емес
- E) әңгіме жүргізуші тұлғаның қалауы бойынша

12. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты ПО-на тұрмыстық әкімшілік құқық бұзушылық үшін қандай максималды мерзімге жеткізуге болады:

- A) тек 3 сағатқа дейін
- B) тек үш сағатқа дейін, ал егер құқық бұзушы мас күйінде болса, медицина қызметкері белгілеген айығуға дейін
- C) 48 сағатқа дейін
- D) жеткізу ең қысқа мерзімде жүргізілуі тиіс
- E) 24 сағатқа дейін

13. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты әкімшілік ұстауға қандай ең көп мерзімге ұшырауы мүмкін:

- A) 3 сағатқа дейін
- B) 12 сағатқа дейін
- C) 24 сағатқа дейін
- D) 48 сағатқа дейін
- E) үш тәулікке дейін

14. Сот әкімшілік-тұрмыстық зорлаушыға жәбірленушімен тұруға тыйым салу түрінде құқықтық ықпал ету шарасын қандай мерзімге қолдана алады:

- A) мұндай шара ҚР заңнамасымен қарастырылмаған
- B) құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптар мерзімі біткенше
- C) 10 күнге дейін
- D) 30 тәулікке дейін
- E) үш айға дейін

15. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты әкімшілік ұстау мерзімі қай сәттен бастап есептеледі?

- A) оны арнайы қабылдағышқа орналастырған сәттен бастап
- B) оны ПО-ға жеткізген сәттен бастап
- C) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған жерде ұсталған сәттен бастап
- D) әкімшілік ұстау хаттамасын жасаған сәттен бастап
- E) ұсталғанға қандай да бір процессуалдық мәртебе бергеніне немесе өзге де формальды процедураларды орындауына қарамастан, ұсталған адамның бостандығын шектеу нақты болған минутке дейінгі дәлдікпен бір сағаттан бастап

16.Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қорғау нұсқамасын қандай жастан шығаруға болады?

- A) 14 жастан бастап
- B) 16 жастан бастап
- C) 17 жастан бастап
- D) 18 жастан бастап
- E) 21 жастан бастап

17.Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласында кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың құзыретіне не кірмейді?

- A) кәмелетке толмағандар арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды
- B) кәмелетке толмағандарға әкімшілік жаза қолдану туралы шешім қабылдайды
кәмелетке толмағандар арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша аймақтық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады
- C) жергілікті атқарушы органдарға кәмелетке толмағандар арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық~практикалық шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді
- D) көмек көрсету ұйымдарымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырады және өткізеді
- E) тек қылмыстық теріс қылықтар

18.Кәмелетке толмағандарға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу үшін дене күшін және арнайы құралдарды қолдану мүмкін бе?

- A) иә, бірақ тек 14 жастан
- B) иә, бірақ тек 16 жастан
- C) тек қылмыстық теріс қылықтар мен қылмыстарға жататын әрекеттер үшін
- D) иә, бірақ тек физикалық күш 14 жылдан бері
- E) жоқ

19.Қорғау нұсқамасында қандай шектеулер көзделуі мүмкін?

- A) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау
ауызша және телефон арқылы сөйлесулер жүргізу
- B) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен бірге тұру
- C) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен басқа тәсілдермен байланыс жасау
- D) зорлық-зомбылық құрбандарының еркіне қарамастан кәмелетке толмаған отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасау
- E) жоқ

20. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу процесіне қандай принциптер жатпайды:

A) жариялылық, отбасын қолдау және сақтау

B) адам мен азаматқа дене және (немесе) психикалық азап келтіруге жол бермеу

C) құпиялылық

D) өмірлік қиын жағдайда жүрген әрбір адамға және азаматқа жеке көзқарас

E) заңдылық, кешенділік және жүйелілік

2.4. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтардың алдын алу

№1 есеп.

Ленский мен Байбатыров, ескі көпірден темірді ұрлауды жоспарлап, 06.02.2020 ж. 00:30 уақыт шамасында көпірдің темір бөлігін сымсыз тегістеуішпен кескен кезде біреулер патрульдік полиция нарядын шақырады. Құқық бұзушылардың жеке басын анықтау барысында Ленский мен Байбатыров 2004 жылғы кәмелетке толмаған азаматтар болып шығады.

- 1. Жағдайды бағалаңыз.*
- 2. Ленский мен Байбатыров қандай жауаптылыққа тартылады?*
- 3. Патрульдік полиция әрекетінің алгоритмін құрастырыңыз.*
- 4. КТІЖ УПИ қандай шараларды қолданады? Қандай құжаттарды жинайды?*

№2 есеп.

2005 жылғы кәмелеттік жасқа толмаған Дидар Жайдарханұлы 1972 жылғы Айжан Серхан заңды өкілінің ескертулеріне жауап бермейді, оған наразылық көрсетеді, яғни аталған іс-әрекеттерімен отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында тәртібін бұзып отыр. Осыған орай Айжан Серхан өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін полиция бөліміне арызбен жүгінді.

- 1. Дидардың әрекетін саралаңыз?*
- 2. Қандай шешім қабылданады?*
- 3. Осы жағдайда КТІЖ УПИ әрекеті қандай?*

№3 есеп.

2012 жылы туған Жансая Ермек 15 наурыз күні сабаққа бармаған. 16 наурыз күні пандемияға байланысты сабақтар қашықтықтан оқу жүйесі арқылы өткізілетін болды. Алайда қашықтықтан оқу кезінде де Жансая сабақтарға қатыспаған.

- 1. Жағдайды саралаңыз.*
- 2. КТІЖ УПИ әрекеті қандай?*
- 3. Қадағалаусыз қалған балалармен қандай профилактика жұмыстары жүргізіледі?*

№4 есеп.

2021 жылдың 20 наурызында сағат 16.00 шамасында кәмелетке толмаған Ермек (15 жас) Есіл қ. қоғамдық орында, нақты айтқанда орталық паркте шекілдеуік шағып отырып, қабығын жерге шашып тастады. Бұл факт ЖБО бейне бақылау камерасына тіркелген, және жедел кезекші полицияның жақын арадағы нарядын құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін бағыттады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Ермекті сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№5 есеп.

Екі кәмелетке толмаған Айгүл мен Серік көшеде көлік жолына жүгіріп шығып, рұқсат етілмеген жерде жолдан өтті, нәтижесінде «Ауди-80» көлігінің жүргізушісі жылдамдығын өзгертуге мәжбүр болып, ағашқа соғылды. Жаяу патруль бұны байқап, кәмелетке толмағандарды мән-жайды анықтау үшін тоқтатты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) Қандай материал жиау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№6 есеп.

Көпқабатты үйдің ауласында орындықта Михаил (18 жас), Серік пен Берік (16 жаста) отырды, Михаил темекісін шығарып, кәмелетке толмағандарға ұсынды. Олар темекі шегіп отырған кезінде КТІЖ УПИ мен УПИ көмекшісі келіп олардың бұл әрекеттерінің бейне бақылау камерасына түскендігі жайында айтты.

Одан әрі олрады УПП-не жеткізіп, ата-аналарын шақыртты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) Қандай материал жиау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№7 есеп.

21 сағат шамасында «Наурыз» мәдениет үйіндегі би кешіне КТІЖ УПИ мен УПИ көмекшісі келіп, екі кәмелетке толмағандардың (16 жаста және 17 жаста) алкогольдік ішімдік ішкен мас күйінде көрді. Мән-жайды анықтау кезінде кәмелетке толмағандар біреуінің туған күніне байланысты (екеуі ағайынды болып табылады) үйде ата-аналарының рұқсатымен бір бокалдан шампан ішкендерін айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) Қандай материал жиау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№8 есеп.

КТІЖ УПИ автобус аялдмасындағы дүңгіршектен бір кәмелетке толмағанның бір қорап темекі алғанын байқап қалды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) КТІЖ УПИ әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) Қандай материал жиау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№9 есеп.

Кәмелетке толмағандар Серік, Берік және Марат (16-17 жаста) үйдің ауласында пиротехникалық құрылғыларды жарып тұрақта тұрған көлікке зақым келтірді. Осы факт үйдің ауласында қойылған бейне бақылау камерасына тіркелген.

Зақымданған көліктің иесі жақын жердегі УПП-не арызбен жүгінді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№10 есеп.

Кәмелетке толмағандар Серік, Берік және Марат (14-15 жас) Жеңіс саябағында соғыс батырларына арналған ескерткіштердің беттерін бояп қойған. Осы факт Жеңіс саябағында қойылған бейне бақылау камерасына тіркелген. Жаяу патруль УПП-не кәмелетке толмағандарды мән-жайды анықтау үшін жеткізілді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№11 есеп.

Химия пәнінің мұғалімі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторына 7 сынып оқушысы 15 жастағы Сериковке химия сабағының соңында Берикованы тәжірибелік сабақтың жауабын жазып алу үшін бермегені үшін балағаттағандығын айтып, шара қолдануын өтінді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) КТІЖ мектеп УПИ қандай әрекет етуі қажет, және КТІЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?

3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№12 есеп.

Жаяу патруль учаскелік полиция пунктіне 15 жастағы О. Досов пен Е. Кравцовты қоғамдық орында мас күйінде жүргендері үшін жеткізді. Құқы бұзушылар подъезде «Ромашка» дүкенінен алған «Портвейн» бір бөтелке шарабын ішкендіктерін айтты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз..

2) О. Досов пен Е. Кравцовпен анықтау тәртібін айтып шығыңыз.

3) Осы жағдайда әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды? 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№13 есеп.

7 сынып оқушысы И. сабақты өткізіп алады, кейде тіпті келмейді, бала ауа райына қарай киінбейді, киімі ескі. Мұғалім И.-дің дүкеннің қасында өткендерден қайыр сұрап жүргенін көреді. Тұрғылықты жеріне барып отбасымен профилактикалық әңгімелесу барысында И.-дің әкесі көлікке қаржы жинап жатқанын және әйелі (балалардың анасы) мен балаларын әрдайым қарды жағынан қысатынын, шығысын әрдайым есептеп отыратынын және жұмсалған ақшаның есебін сұрап отыратынын анықтады.

Оқушы сабаққа бармау себебін оны балалардың киімі үшін мазақ қылуынан екендігін айтты. Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектиеп инспекторына баяндады.

- 1) Жағдайды, тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
- 3) И.-дің әкесі заңды жауапкершілікке тартылуға жата ма?
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№14 есеп.

Орта мектеп сынып жетекшісіне мұғалімдер 6 сынып оқушысы Б.К. Исаевтың психологиялық дамуында ауытқулар бар екендігін, үлгерімі төмендегенін, оқу материалын ұғыну үшін назарының төмен екендігін бірнеше мәрте айтқан болатын. Исаевпен профилактикалық әңгіме барысында сынып жетекшісі Исаевтың отбасында соңғы жарты жылда отағасының (Серік) тұрақты жұмысының жоқ екендігін, спирт ішімдіктерін ішетіндігін анықтады. Осыған байланысты ол үйінде жанжал шығарып, отбасы мүшелерін балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытады.

Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектиеп инспекторына баяндады.

- 1) Жағдайды, тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) Мектеп инспекторының әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
- 3) Осы жағдайда әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

№15 есеп.

23 сағат 10 минут шамасында ауылдық «Колос» мәдени үйінен шыға бергенде КТІЖ УПИ полиция қоғамдық көмекшісі П.Д. Волковпен бірлесіп 16 жастағы Попов пен Ивановты тоқтатты, олар ата-аналарының рұқсатынсыз киноға барғандарын айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және

КТИЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?

- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№16 есеп.

2021 жылғы 25 сәуірде «Иммигрант» жедел-алдын алу шаралары барысында КТИЖ УПИ және оның көмекшісі П.Д. Волков Университет жатақханасынан Серікті (03.01.2001 ж.т.) және Берікті (13.02.2001 ж.т.) жеке бастарын куәландыратын құжаттарын жоқ екендігін анықтады. Серік пен Берік ХҚКО барып куәлік алу үшін оқу сабақтарынан босамайтындықтарына байланысты жазғы демалыста бармақшы болғандарын айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қыметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және КТИЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Серікті сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

№17 есеп.

КТИЖ учаскелік полиция инспекторы полиция қоғамдық көмекшісі П.Д. Волковпен бірге саябақта екі жасөспірім мен бір ер адамның ақшаға карта ойнап отырғанын байқады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қыметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және КТИЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Осы факті бойынша алып қою хаттамасын құрастырыңыз*

№18 есеп.

7 сынып оқушысы Бобров «101»-ге қоңырау шалып, өзін мектеп күзетшісі ретінде таныстырып, мемлекеттік өртке қарсы қызметкерлеріне өзі оқитын №2 орта мектеп жанып жатыр деп хабарлады. Кейіннен КТИЖ мектеп УПИ ПО КПБ қызметкерлерімен бірлесе математика сабағы бойынша бақылау жұмысын бұзу мақсатында өтірік айтқан Бобровты анықтады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) КТИЖ учаскелік полиция инспекторы қандай әрекет етуі тиіс? Қандай материал жинауы тиіс?*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз*

№19 есеп.

Нұр-сұлтан қаласының тұрғыны азаматша Б. Жолаева баласына өзінің 17 жас туған күнін 20 толған үлкен баласының қарауымен түнгі клубта тойлауға рұқсат берді. Жергілікті полиция қызметінің полиция нарядының

патрулі шамамен 23 сағат 30 минутта ПО-на кәмелетке толмағанды жеткізіп, анасына қатысты ҚР ӘҚБтК 422-бабының 1 тармағына сәйкес ойын-сауық жеріне түнгі сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін заңды өкілінсіз жібергені үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады. Анықтау кезінде учаскелік полиция инспекторы үлкен ағасын інісінің заңды өкілі деп санамады.

Тапсырма:

1. Жаздайды бағалаңыз. Құқық бұзушылықты саралау дұрыс жүзеге асырылды ма?

2. ЖПҚ қызметкерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Осы факті бойынша қандай материал жинауы қажет?

№20 есеп.

Затобол қаласының екі кәмелетке толмаған тұрғындары Досбол мен Айберген көшеде көлік жолына жүгіріп шығып, рұқсат етілмеген жерде жолдан өтті, нәтижесінде «Мицубиси-Лансер» көлігінің жүргізушісі жылдамдығын өзгертуге мәжбүр болып, ағашқа соғылды. Жаяу патруль бұны байқап, кәмелетке толмағандарды мән-жайды анықтау үшін тоқтатты.

Тапсырма:

1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.

2. ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3. Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4. Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Кәмелетке толмағандар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері.

2. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын әкімшілік жазалар

3. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу саласындағы мемлекеттік органдардың міндеттері, функциялары.

4. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы

5. Арнайы білім беру ұйымдары.

6. Кәмелетке толмағандарға қатысты жеке профилактика шаралары

7. Қазақстан Республикасының Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

8. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру тәртібі.

9. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, өзге де құралымдар жүйесі.

10. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі шаралары

11. Кәмелетке толмағандар арасында қандай құқық бұзушылықтың жеке профилактикалық шаралары бар?

12. Кәмелетке толмағандардың қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы.

13. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша қызметті ұйымдастыру.

14. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі.

15. Кәмелетке толмағандардың қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы.

16. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясат

17. Балалар мен отбасына қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу туралы қандай шаралар қойылады?

18. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен караусыздықтың алдын алу.

19. Ерекше талаптар қою ұзақтығы қанша?

20. Бір мезгілде бірнеше тәрбиелік ықпал ету шаралары қойылады ма?

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторының қызметі Қазақстан Республикасы ІІМ-нің қандай бұйрығымен реттеледі?

А) №1095-2015 жыл

В) №1098-2015 жыл

С) № 787-2003 жыл

Д) № 282-2010 ж

Е) № 290-2010 ж

2. 16 жасқа толған, бірақ 18 жасқа толмаған кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері:

А) 5 АЕК

В) 10 АЕК

С) 7 АЕК

Д) 15 АЕК

Е) 30 АЕК

3. Кәмелетке толмағанға тағайындалған арнайы құқықтан айыру:

А) 2 айдан аспайды

В) 1 жылдан аспайды

С) 1 айдан аспайды

Д) 3 айдан аспайды

Е) 6 айдан аспайды

4. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде кәмелетке толмаған адамды әкімшілік жауапкершіліктен немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуға бола ма?

A) иә

B) жоқ

C) егер әкімшілік құқық бұзушылық оған қатысты тәрбиелік шараларды одан әрі қолдана отырып, бірінші рет жасалған болса ғана

D) істі қарайтын органның (лауазымды адамның) қалауы бойынша

E) іске қатысушы прокурордың қалауы бойынша

5. Кәмелетке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды және бірнеше рет құқық бұзушылық жасаудың құқықтық салдарын түсіндіру. Қарастырылып отырған тәрбиелік ықпал дәрежесі қандай?

A) заңды түсіндіру

B) бақылау бойынша босату

C) келтірілген зиянның орнын толтыру міндеттемесін жүктеу

D) бос уақытты шектеу

E) кәмелетке толмаған баланың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу

6. Бос уақытты шектеу және кәмелетке толмағанның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу сияқты тәрбиелік ықпал ету шарасын қанша уақытқа дейін қолдануға болады?

A) 2 айдан 4 айға дейін

B) 1 жастан 5 жасқа дейін

C) 3 айдан 6 айға дейін

D) 2 айдан 7 айға дейін

E) 3 айдан 12 айға дейін

7. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған кәмелетке толмаған бала осы жазаға тартыла ма?

A) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 3 ай ішінде

B) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 6 ай ішінде

C) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 1 жыл ішінде

D) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 7 ай ішінде

E) әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді орындау аяқталған күннен бастап 9 ай ішінде

8. Егер де 18 жасқа толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралса, кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің қатысуы міндетті ме?

A) қажет

- В) міндетті емес
- С) судьяның қалауы бойынша
- Д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын органның (лауазымды адамның) қалауы бойынша
- Е) прокурордың қалауы бойынша

9. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты әрбір кезде канша мерзімге ұзартуға болады?

- А) 1 жылға;
- В) 10 айға;
- С) 6 ай;
- Д) 2 жылға;
- Е) 6 ай бірақ екі жылдан аспауы керек.

10. Профилактикалық есепке алу және бақылау кәмелетке толмағандарға қолданылмайды:

- А) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған
- В) дәлелсіз себептермен білім беру ұйымдарында сабақтарды өткізіп алғандарға
- С) оларға қатысты қорғау ұйғарымы шығарылды
- Д) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған
- Е) оларға қатысты мінез-құлыққа ерекше талаптар қойылған

11. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, панасыз қалудың және қадағалаусыз қалудың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді кім қамтамасыз етеді?

- А) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары)
- В) аумақтық ПО кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелері
- С) қалалық қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері
- Д) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар
- Е) осы қоғамдық қатынастар саласындағы үкіметтік емес ұйымдар

12. Кәмелетке толмағандар ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдарына қандай мерзімге жіберілуі мүмкін?

- А) алты айдан екі жылға дейін
- В) алты айдан бір жылға дейін
- С) үш айдан бастап кәмелетке толмаған жасқа дейін
- Д) үш айдан бір жылға дейін
- Е) үш айдан екі жылға дейін

13. Кәмелетке толмағанға қорғау нұсқамасын шығаруға кім құқылы?

- А) ПО ЖПҚ бастығы немесе оның орынбасары, КТІЖ УПИ және УПИ;**
- В) КТІЖ УПИ және ПО бастығы мен оның орынбасары бекітеді;**
- С) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шаралар қолданылмайды;**
- Д) судья;**
- Е) прокурордың санкциясымен ПО бастығы.**

14. Арнайы білім беру ұйымдарына жіберу үшін не негіз болып табылады?

- А) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қаулысы**
- В) ПО қолдаухаты бойынша облыстық білім департаментінің жолдамасы**
- С) ПО немесе прокуратура қаулысы**
- Д) қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қаулысы**
- Е) судьяның қаулысы**

15. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар қоюға кім құқылы?

- А) сот;**
- В) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шаралар қолданылмайды;**
- С) тек ПО бастығы және оның орынбасарлары;**
- Д) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия;**
- Е) прокурордың санкциясымен ПО бастығы.**

16. Кәмелетке толмаған адамға қорғау нұсқамасын шығаруға кім құқылы:

- А) ЖПҚ бастығы немесе оның орынбасары, ПУИ және КТІЖ УПИ**
- В) КТІЖ УПИ және оны ПО бастығы және оның орынбасары бекітеді**
- С) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шаралар қолданылмайды**
- Д) судья**
- Е) ПО бастығы прокурордың санкциясымен**

17. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кәмелетке толмағанның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуге кім құқылы?

- А) сот**
- В) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай шаралар қолданылмайды**
- С) тек ПО бастығы және оның орынбасарлары**
- Д) жөніндегі комиссия кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау**
- Е) ПО бастығы прокурордың санкциясымен**

18. Мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған азаматтарды тексерудің кезеңділігі қандай?

- А) аптасына бір реттен кем емес**
- В) күн сайын**

- С) күнделікті оқу орны бойынша және екі күнде бір рет тұрғылықты жері бойынша
- Д) үш күнде бір реттен кем емес
- Е) он күн сайын

19. Кәмелетке толмағандарды тұрмыс саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін полицияға жеткізіп, ұстауға болама:

- А) иә
- В) жоқ
- С) тек қылмыстық қылмыс жасағаны үшін ғана жеткізу
- Д) иә, егер құқық бұзушылық туралы баптың санкциясы әкімшілік қамауға алуды көздесе
- Е) егер құқық бұзушылық туралы баптың санкциясы әкімшілік қамауға алуды көздесе ғана жеткізуі, ал ұстауы мүмкін

20. Кәмелетке толмағандарға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу үшін дене күшін және арнайы құралдарды қолдану мүмкін бе:

- А) иә, бірақ тек 14 жастан
- В) иә, бірақ тек 16 жастан
- С) тек қылмыстық теріс қылықтар мен қылмыстарға жататын әрекеттер үшін
- Д) иә, бірақ тек физикалық күш 14 жылдан бері
- Е) жоқ

2.5. Жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу

№1 есеп.

Сүйемелдеу тобының қызметкерлері азамат Н.Р. Ракишев пен азамат О.В.Евгенийді жолаушылар вагонының купесінде алкогольдік ішімдік ішіп темекі шегіп отырғандықтарын көрді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекеттерін мазмұндаңыз.*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды.*
- 4) Алкогольдік ішімдіктер алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

№2 есеп.

23 сағат шамасында сүйемелдеу тобымен поезда 20 литр спирт апара жатқан жерінен азамат Л.В.Ивановскийді анықтады. Спиртті тасымалдау үшін құжаттар болмады және ол спиртті Орталық базардан белгісіз азаматтан сатып алғандығы туралы айтты. Оның сөзінен спирт жиенінің тойына арналған.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз?*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды.*
- 4) Спиртті алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

№3 есеп.

Сүйемелдеу тобының полицейлері жолаушылар поезын аралау кезінде Н.А. Николаевич терезені ашып, темекі шегіп тұрғанын көрді.

- 1) Н.А. Николаевичтің әрекетін саралаңыз.*
- 2) Сүйемелдеу тобының полицейлері қандай материал құрастыруы қажет?*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

№4 есеп.

Патрульдік полиция қызметкерлері жұмыс барысында жүк ауласында азамат Р.Д. Василев құны 2500 теңгелік бес литр спиртпен көрді. Василев спиртті цистернадан дюбелмен тесіп алғанын және орнын аға тығынмен тығындап қойғанын мойындады.

- 1) Василевтің әрекетін саралаңыз.*
- 2) Осы құқық бұзушылық бойынша қандай материал жинау керек?*
- 3) Осы сипатты құқық бұзушылықтармен күрестің алдын алу шараларын атап шығыңыз.*
- 4) Спиртті алып қою хаттамасын толтырыңыз.*

№5 есеп.

№12 учаскенің патрульдік полицейлері ҚПБ кезекші бөліміне азамат А.Е. Таировты 17 жас және азамат А.В.Самировты 19 жас қатты мас күйінде жеткізді. Өздерімен құжаттары болмады, мекенжай бюросы бойынша

тіркелмеген. Жеткізілгендердің беттері көгерген және қанталаған.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) Қоғамдық тәртіпті бұзушыларды мас күйінің қандай деңгейінде ұстап жеткізуге болады?

3) Осы жағдайда Таиров пен Самировты ұстаудың ұзақ мерзімі қандай?

4) Осы жағдайдағы АПБ кезекшісінің әрекетін мазмұндаңыз

№6 есеп.

Полиция арнайы мотоатқыш полкінің патрулі ПО кезекші бөліміне 7 сынып оқушысы С.Ж. Елемесовті есірткілік мас күйінде жеткізді.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторы оқушының жеке басын анықтап, ата-анасын шақыртып, ұлдарының есірткі қолданағаны үшін 10 АЕК көлемінде айыппұл салды.

1) Учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз және жағдайды саралаңыз.

2) Учаскелік полиция инспекторы қандай материал құрастыруы қажет?

3) Учаскелік полиция инспекторының С.Ж. Елемесовті немесе оның ата-анасын профилактикалық есепке қоюы үшін негіз бар ма?

№7 есеп.

Азаматша Цыганова екінші жолда тұрған жолаушылар поездына кешігіп жатқандықтан жерасты өтуінен өтпей, бірінші жолда тұрған электричка вагондарының астынан өтіп кетті. Оны патрульдік полиция қызметкері ПО жүйелік пунктіне жеткізді.

Тапсырма:

1. Цыганованың әрекетін саралаңыз.

2. Азаматша Цыганованың ұстау мүмкін ба? Егер мүмкін болса қандай мерзімге?

3. ҚР ӘҚБтК-нің қандай бабы бойынша хаттама толтырылады?

4. Осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

№8 есеп.

УПП-не жол-патрулі қаланың орталық көшелерінде екі адам жеткізілді: Серік - 18 жаста және Жандос - 17 жаста, олар көше ауласының, алаңында сыра ішкен.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.

3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

№9 есеп.

2021 жылғы 30 наурызда Қостанай қаласында 20:00 сағат шамасында Теміржол ПБ кезекші бөлміне белгісіз азаматтан аэропорт (самолет) ғимаратында жарылғыш құрылғы салынғаны туралы хабар келіп түсті.

Тапсырма:

- 1. ТПБ кезекшісінің әрекетін мазмұндаңыз.*
- 2. Егер азамат өзінің тегі мен жарылғыш құрылғының қойылған жері туралы хабарламаса, онда ТПБ кезекшісі қалай әрекет етуі керек?*
- 3. Оқиға орнына шығуда ІО жеке құрамы қалай әрекет етуі қажет?*
- 4. Осы хабарламаны кезекші қайда тіркейді?*

№10 есеп.

17 жастағы Жангелді әкесі берген «Camry» көлігін басқарып, «Элада» дүкенің терезесіне соқтығысып, оқиға орнынан қашып кетті. «Элада» дүкеніне 32 мың теңге шығын келтірді.

- 1) Құқық бұзушылықты анықтаңыз.*
- 2) Бұл жағдайда қандай лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға құқығы бар?*

№11 есеп.

2021 жылдың 10 сәуірінде Lada көлігін жүргізген 1996 жылғы Е.Арсенов ұсталды. Себебі, оның көлігінде мемлекеттік тіркеу нөмері белгісі болмаған және жалған, яғни қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмері белгісін орнатқан.

- 1) ІО қызметкерінің әрекет ету алгоритмін жазыңыз?*
- 2) Құқық бұзушының көлігін қай жерге қояды?*
- 3) Көлік құралдарын басқару құқығынан қанша мерзімге айырады?*
- 4) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

№12 есеп.

2020 жылдың 7 ақпанында қараңғы түскен кезде азаматша Г. Иванова Жамбыл даңғылында бағдаршамның тыйым салынған белгісіне жүріп өткен.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз*
- 2) ІО қызметкерінің әрекет ету алгоритмін жазыңыз?*
- 3) Азаматшаға қандай профилактикалық шара жүргізіледі?*

№13 есеп.

2020 жылдың 16 сәуірінде Қостанай қаласының халықаралық әуежайындағы Желілік полиция бөлімінің кезекші бөліміне «Эйр Астана» АҚ өкілінен «Қостанай-Алматы» бағытындағы әуе рейсінің бортында құқық бұзушының бар екендігі туралы хабарлама келіп түскен. Тексеру барысында көлік полицейлері масаң күйде болған 48 жастағы азамат А.Оралханов анықталды. Жолаушы жоғарыда аталған әуерейсінен акт бойынша түсіріп алынды. Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, шетелдік азаматтың «жеңіл дәрежелі» алкогольдік масаңдығы болған.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз*
- 2) *ПО қызметкерінің әрекеті*
- 3) *Жоғарыдағы жағдайда жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

№14 есеп.

7 ақпан күні Арыс-2 станциясындағы желілік полиция бөлімшесіне Петропавл - Қызылорда бағытындағы жолаушылар пойызының бригадирі жүгінді. Ол жол бойында пойыз жолсеріктерінің бірі қоғамдық тәртіпті бұзғанын және полиция жасағы қажет екенін айтты.

Бригадирдің айтуынша, әріптесі жұмыс орнында мас болған, өзін дұрыс ұстамаған, былапыт сөз айтқан, сол арқылы қоғамдық тәртіп пен жолаушылардың тыныштығын бұзған. Тәртіп бұзушы пойыздан шығарылды. Ол Қызылорда облысының 26 жастағы тұрғыны болып шықты. Ол «орташа» мас болды, оны медициналық тексеру қорытындысы растады.

- 1) *Жағдайды саралаңыз*
- 2) *ПО қызметкерінің әрекет ету алгоритмі*
- 3) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

№15 есеп.

Жүк ауласы алаңында азамат Р.Д. Бобров ұсталды, ол Қостанай станциясына дейін тез арада жету керек екендігін түсіндірді. Ол жүк поездына отырып, ұйқтап кеткендігін және поздбен жүк ауласына келгенін айтты.

- 1) *Бобровтың әрекетінде қандай-да бір құқық бұзушылық әрекет бар ма?*
- 2) *Полиция қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін атап шығыңыз.*
- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

№16 есеп.

Сағат 10-да ЖПО кезекшісі вокзал диспетчерінен шамамен 50 адам шамасындағы бір топ адам рельстарға отырып алып, поезддің жүруіне кедергі жасап, еңбекақылары мен әлеуметтік төлемдерін төлеулерін талап етіп отырғандығы туралы хабар алды.

- 1) *Ереуілге шығушылардың әрекетін саралаңыз.*
- 2) *ЖПБ кезекшісі қандай шаралар қолдануы тиіс?*
- 3) *Осы оқиға туралы ПО кезекшісі кімді хабардар етуіс тиіс?*
- 4) *Ереуіл орнына ПО кезекшісі кімді жібереді?*

№17 есеп.

В.А: Попов поездға кешігіп бара жатып, вагонның баспалдағына секіріп мінді, осылай ол Тобыл станциясына дейін жетті, сол жерде оны Көліктегі ПО жүйелік пунктінің қызметкерлері ұстады.

- 1) *Жағдайды саралаңыз.*
- 2) *Көліктегі жүйелік пункт қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*

3) Осы әкімшілік құқық бұзушылық туралы шешімді кім қабылдайды?

№18 есеп.

Кәмелетке толмаған М. Меньшов үйінен қашып кетіп, Светлов қаласына әжесіне бару үшін жүк вагонына мініп, патрульдік полицейлермен ұсталды.

1) Жаздайды саралаңыз.

2) Көліктегі жүйелік пункт қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.

3) Меньшовты ұстау үшін негіз бар ма? Болса қандай мерзімге ұсталады?

4) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?

№19 есеп.

«КамАЗ» автокөлігінің жүргізушісі Т. Тосолов үйіне баласының тойына асығып бара жатып, дыбыстық сигнал мен жабық тұрған шлагбаумға қарамастан теміржолдан өтіп кетті, бірақ 200 метрден соң осы құқық бұзушылығы үшін ПО желілік пунктін бастығымен тоқтатылды.

1) Жаздайды саралаңыз.

2) ПО желілік пунктін тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.

3) Тосоловты жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

№20 есеп.

Патрульдік полицей полиция сержанты Н.Н. Нұрбаевқа азаматша С.С. Самохина автоматтық сақтау камерасынан заттарды алу үшін көмектесуін сұрап жүгінді. Ол өте қобалжулы күйде болды, ұяшықтың кодын ұмытып қалғандығын және поезды он бес минуттан соң жүріп кететінін айтып жылады.

1) Осы жағдайда полицей қалай әрекет етуі тиіс?

2) Автоматтық сақтау камерасын мәжбүрлі түрде бұзу туралы рұқсат беруге кім құқылы?

3) Сақтау камерасын мәжбүрлі түрде бұзу кезінде қандай құжаттар құрастырылады?

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздері және оларды қолдау шарттары.

2. Көліктегі қоғамдық қауіпсіздік полициясының қызметінің негізгі бағыттары мен құқықтық негіздері

3. Көліктегі патрульге қандай жоғары жылдамдықта жүруге рұқсат етілген?

4. Қоғамдық орындарда мас күйінде жүрген, адамгершілігі мен қоғамдық адамгершілікті түсіруші азаматтар қанша уақытқа ұсталады?

5. Патрульдік полиция жедел жағдай күрделенуі кезінде қызмет өткору уақыты аусау керек:
6. Қоғамдық орындарда ауыр мас күйіндегі азаматты анықтаған кезде полиция қызметкері қалай әрекет етуі қажет?
7. Патрульдік полицияға кімге қарсы арнайы құралдар қолдануға болмайды?
8. Қандай патрульдік полиция қызметкеріне атыс қаруын қолдануға болмайды?
9. Патруль нарядында карточка даналары нешеу болуы керек?
10. Көліктегі патруль ұзақтығы қандай болуы керек?
11. Адамдарды мас күйінде ұстау мерзімдері қандай?
12. Көлік құралын мас күйінде басқаруға күдік бойынша ПО-на жеткізілген адамдармен талқылау тәртібі.
13. Қоғамдық орында азамат ауыр дәрежеде мас болған жағдайда полицей не істеуі керек?
14. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздері және оларды қолдау шарттары.
15. ПО қызметкерлерімен құқық бұзушыларды ұстап алу және жеткізу негіздері мен мерзімдері.
16. Құжаттарды тексеру кезінде құжаттары болмаса полиция қызметкері не істеуі қажет?
17. Жүргізушінің жалпы міндеттері.
18. Елді мекендерден тыс жерлерде жолдың жүру бөлігімен жүрген кезде жаяу жүргіншілер көлік құралдарының жүрісіне қарсы жүруі тиіс пе?
19. Автокөлікті масаң күйде басқарсаң көлік құралынан неше жылға айырады?
20. Масаң күйді куәландыруға жіберу қалай іске асырылады?

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

- 1. Тұрақты тұрғылықты жері жоқ науқастарды мәжбүрлеп емдеуге ресімдеуді өтінішхат қозғалған кезде тұрған жері бойынша қандай орган жүзеге асырады?**
 - А) Ішкі Істер органдары
 - В) Әділет органдары
 - С) Сот
 - Д) Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган
 - Е) Денсаулық сақтау органдары
- 2. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберу туралы мәселені сот науқастың тұрғылықты жері бойынша материалдар келіп түскен күннен бастап оның қатысуымен ашық сот отырысында қанша мерзімде қарайды?**
 - А) 3 күннен аспайтын мерзімде
 - В) 1 ай ішінде

- С) 10 күннен аспайтын мерзімде
- Д) 3 ай ішінде
- Е) 10 ай ішінде

3. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарда болу мерзімі екі жылдан, ал қайта жіберілген жағдайда - үш жылдан аспауға тиіс.

- А) Үш жылдан аспауы тиіс
- В) Бір ай ішінде
- С) Бір жылдан аспауы тиіс
- Д) Алты жыл
- Е) Он ай ішінде

4. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары адамдарға қатысты сот шешімі бойынша қолданылады:

- А) Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, алкоголизмнен немесе нашақорлықтан не уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылмаған
- В) Алкоголизмнен немесе нашақорлықтан не уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылған;
- С) Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, созылмалы алкоголизммен немесе нашақорлықпен не уытқұмарлықпен ауырады деп танылған адамдар;
- Д) Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, созылмалы алкоголизммен немесе нашақорлықпен не уытқұмарлықпен ауырмайды деп танылған адамдар;
- Е) Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған

5. Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдардың:

- А) Білікті медициналық көмек алу; наркологиялық ұйымды таңдауға
- В) Білікті медициналық көмек алу; наркологиялық ұйымды тандамауға
- С) Өз құқықтары, оларда бар наркологиялық бұзылулардың сипаты, емдеудің және медициналық-әлеуметтік оңалтудың қолданылатын әдістері туралы ақпарат алмауға
- Д) Тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ қажет болған жағдайда - орналасқан жері бойынша оңалтуды жүргізбеуге
- Е) Медициналық-әлеуметтік оңалтуды жүргізуге құқығы бар

6. Нашақорлықпен ауыратын адамның немесе оның заңды өкілінің ұсынылатын медициналық-әлеуметтік оңалтудан кез келген сатыда бас тартуға құқығы барма ?

- А) Құқығы жоқ
- В) Тек медицина қызметкерлерінің қорытындысымен бар тарта алады
- С) Тек соттың шешімімен
- Д) Қорғаушысының көмегімен
- Е) Құқығы бар

7. Жол жүрісінің негізгі қағидаттарының бірі ?

- A) Барлық жауап дұрыс
- B) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауды, әзірлеуді, іске асыруды;
- C) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде жол жүрісіне қатысушылар, қоғам мен мемлекет мүдделерінің сақталуы
- D) көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді
- E) дұрыс жауап жоқ

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға мәжбүрлеу шараларын қолдану құқықтары мен міндеттері қай заңда және бапта берілген?

- A) ҚР 2012 ж. 789 Заң 6 қаңтарда
- B) ҚР 2010ж 89 Заң 3 мамыр
- C) ҚР 654 Заң 12 тамыз
- D) ҚР 2004 ж 9 шілде
- E) ҚР 2013 ж 14 сәуір

9. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік басқару - ол ?

- A) барлық жауап дұрыс
- B) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауды, әзірлеуді, іске асыруды; жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті қаржыландыруды
- C) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде жол жүрісіне қатысушылар, қоғам мен мемлекет мүдделерінің сақталуы; ол жүрісі қауіпсіздігі мен қолжетімділігін, оған қатысушыларға қолайлылық пен сервисті қамтамасыз ету
- D) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді; жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады
- E) жол-көлік оқиғаларының салдарынан зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру; жол жүрісі саласында қоршаған ортаны қорғау

10. Жеткізудің мақсаты?

- A) Құқық бұзушыны үйіне аман-есен оралту
- B) Жаңа құқық бұзушылықтың алдын алу
- C) Құқық бұзушының жеке басын анықтау
- D) Жасаған құқық бұзушылығы үшін жазалау
- E) Құқық бұзушының үйі болмаған жағдайда полиция бөліміне жатқызу

11. Қандай жағдайда көлік құралдарын жете тексеру заңды негізде басқаратын тұлғаның қатысуынсыз жүргізіледі?

- A) Ерекше жағдайда
- B) Кез келген жағдайда

- С) Түнгі уақытта
- Д) Төтенше жағдайда
- Е) Кейінге қалдырылмайтын жағдайда

12. Масаң күйін куәландыруға жіберу, масаң күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу тәртібін белгілейді.

- А) Парламент
- В) Үкімет
- С) Сенат
- Д) ПМ
- Е) ҚР Президенті

13. Адам оны алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танумен келіспеген жағдайда кімге шағымданады?

- А) Прокурорға
- В) медицина қызметкеріне
- С) сотқа
- Д) ПО-на
- Е) жергілікті атқарушы органға

14. Көлік құралын пайдалануға тыйым салынады:

- А) оларды пайдалануға тыйым салынған ақауларымен
- В) тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған
- С) белгіленген тәртіппен тіркелмеген
- Д) мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өтпеген адамдар қатыса алмайды
- Е) барлық жауап дұрыс

15. Жолаушының құқықтары мен міндеттері қандай?

- А) көлік құралы жүрісінің жағдайлары мен тәртібі туралы анық ақпаратты уақтылы алуға; көлік құралымен қауіпсіз жол жүруге және багажды алып жүруге; қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға, ал мотоциклмен жол жүрген кезде – түймеленген мотошлем киюге;
- В) тротуарлармен және жол жиектерімен, жаяу жүргінші жолдарымен және жүруге жайластырылған және ыңғайластырылған басқа да жерлермен жүріп-тұруға; маршрутты көлік құралы мен таксиді – аялдама пункттерінде, ал олар болмаған кезде – тротуарда немесе жол жиегінде күтуге міндетті.
- С) Көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағындағы жол жүрісіне қатысуына рұқсат беру;
- Д) мопедпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, мопедтер мен велосипедтерді, сондай-ақ мопедтермен және велосипедтермен сүйретуге;
- Е) дұрыс жауап жоқ

16. Қай бапқа сәйкес мопед, велосипед жүргізушілерінің, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылардың құқықтары мен міндеттері жатады ?

- A) 16-бап
- B) 14-бап
- C) 55-бап
- D) 5-6 бап
- E) 5.57-бап

17. Мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдарының түрлері?

- A) мопедпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, мопедтер мен велосипедтерді, сондай-ақ мопедтермен және велосипедтермен сүйретуге;
- B) жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар, олардың базасында жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, және троллейбустар; ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден асатын мотоциклдер, трициклдер, квадроциклдер мен мопедтер
- C) маршрутты көлік құралы мен такси
- D) барлық жауап дұрыс
- E) жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар

18. Көлік құралы, егер ол ?

- A) Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі болса; Қазақстан Республикасына уақытша әкелінсе, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық жол жүрісінде деп есептеледі.
- B) барлық жауап дұрыс
- C) көлік құралдарын, оларды міндетті түрде көрсету көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларында көзделген жағдайларда, уәкілетті органға көрсетуге
- D) дұрыс жауап жоқ
- E) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің цифрлық және (немесе) әріптік белгіленуін таңдауға құқығы бар.

19. Жаяу жүргіншілер тротуармен немесе жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен, ал олар болмаған кезде - жол жиегімен, сондай-ақ Қағидалардың қандай бөлімінде талаптарға сәйкес жүреді?

- A) дұрыс жауап жоқ
- B) 25- бөлім, 1 және 6 - тармақтары
- C) Барлық жауап дұрыс
- D) 17-бөлім, 1 және 4-тармақтары
- E) 15- бөлім, 5 -тармақ

20. Қазақстан Республикасында көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу?

- A) Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі болса
- B) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері әскери полиция органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.

С) Барлық жауап дұрыс

Д) көлік құралы жүрісінің жағдайлары мен тәртібі туралы анық ақпаратты уақтылы алуға; көлік құралымен қауіпсіз жол жүруге және бағажды алып жүруге; қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға, ал мотоциклмен жол жүрген кезде – түймеленген мотошлем киюге

Е) Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде көлік құралдарының жол жүрісіне қатысуына және (немесе) пайдаланылуына рұқсат ету; көлік құралдарын пайдалануға байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу мақсатында жүзеге асырылады

2.6. Маскүнемдіктен, нашақорлықпен және уытқұмарлықтан алдын алу

№1 есеп.

Азамат А. Пригородный поселкісінің көшесінде 15 жыл көрмеген сыныптасы азаматша О. көріп, үйіне шығарып салды. Сыныптасы оны үйіне шай ішуге шақырын есірткі қолданды. 20 минуттан соң азаматша О. күйеуі келді, ол қызғаныштан жанжал шығарып, азамат А.ға күш көрсететінін айтып қорқытты.

Азамат А. үйден шығып бара жатып, азаматша О.-ның күйеуі өзіне бағытталып келе жатқанын көрді. Азамат А. аулаға жүгіріп шығып моншаға тығылды. Азамат А. ұялы телефонынан ЖБО хабарласты, бірақ толық мекенжайды білмегендіктен айта алмады. ЖБО кезекшісі учаскелік полиция инспекторына хабарлап, мекенжайды анықтамақ болды. Азаматша О. күйеуі балтамен есікті сындырмақ болды, және әрі қарай қорқытуын қоймады.

Тапсырма:

1) Жағдайды саралаңыз.

2) ЖБО кезекшісінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Азамат А. Қандай кеңес беруі қажет?

3) Оқиға орнына келген ПО қызметкерлері қандай жанжалдың жолын кесу шараларын қолдануы тиіс?

№2 есеп.

Азамат Н., іссапрадан есірткі қолданғаны түрінде келіп, Пушкин 135 мекен-жайындағы өз үйінің есігін қақты. Есікті әйелі ұзақ уақыт ашпады. Азамат Н. терезеден бір ер адамның секіріп шығып қаша жөнелгенін көрді. Азамат Н. әйелін көзіне шөп салады деп күдіктеніп соңынан қуа жөнелді. Азамат Н. әйелі күйеуінен қорқып көшеге жүгіріп шықты, азамат Н. оны балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытты. Әйел учаскелік полиция инспекторына келіп шағымданып, күйеуіне шара қолдануын сұрады. Осы оқиғаның куәгерлері азамат Н. көршілері болды.

Учаскелік полиция инспекторы ҚР ӘҚБК 73-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғап, қорғау нұсқамасын шығарды.

Тапсырма:

1) Учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.

2) Азамат Н.-ге қатысты қандай әкімшілік мәжбүрлеу және жеке алдын алу шаралары қолданылады?

3) Азамат Н.-ді жазалай туралы шешімді кім қабылдайды?

№3 есеп.

Учаскелік инспектор өз учаскесін аралап жүріп, үйлердің арасынан шыққан қатты айқайды естиді. Аулаға кірген кезде екі есірткі шегетін адамдардың төбелесіп жатқанын көреді, олардың біреуі екіншісін пышақпен ұрып құлатып, қашпақшы болады, бірақ учаскелік инспектор оның жолын бөгеп жібермейді. Қылмыскер үйдің қабырғасына тақалып «Жолама,

өлтiрeм» деп айқайлап пышағын бiрнеше рет сiлтедi. Ол учаскелiк инспектордың пышағыңды таста дегенiне қарамастан өзiне қарсы жүгiрiп сытылып қашып шықпақшы болады. Учаскелiк инспектор қылмыскердiң шабуылынан қорғана жүрiп, жерде жатқан темiр құбырдың кесiндiсiн алып оны басынан ұрып ауыр жарақат түсiрдi.

Тапсырма:

1. Учаскелiк инспектордың iсi дұрыс па?
2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
3. Осы жағдайда әкiмшiлiк құқық бұзушылық бар ма?

№4 есеп.

ҚПБ аз. А.Азаматов автокөлектi есiрткi қолданғаны күйiнде жүргiзгенi үшiн жеткiзiлдi. Анықау жүргiзгенде Азаматов 6503 ә/б әскери қызметкерi екенi анықталды. Осы факт бойынша кезекшiге қандай құжат жинауға керек?

Тапсырма:

1. ҚПБ кезекшiсiнiң iс-қимылы?
2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
3. Осы жағдайда әкiмшiлiк құқық бұзушылық бар ма?
4. Әкiмшiлiк жазалау шарасын тағайындауға кiм құқылы?

№5 есеп.

Полиция қызметкерi есiрткi қолданып жатқан бiр адамды ұстайды. Алайда ұсталған адам қарсылық көрсетiп қаша жөнеледi. Бiрақ полиция оны қуып жетiп, қолына кiсен салып бөлiмшеге жеткiздi.

Тапсырма:

1. Полицияның әрекетi дұрыс па?
2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
3. Осы жағдайда әкiмшiлiк құқық бұзушылық бар ма?
4. Әкiмшiлiк жазалау шарасын тағайындауға кiм құқылы?

№6 есеп.

Қоғамдық орында есiрткi қолданғаны үшiн полиция екi азаматқа iшкi iстер бөлiмiне жүруiн өтiндi. Азаматтар оның сөзiне құлақ аспай, оны балағаттап, барудан бас тартты. Осы кезде полиция қызметкерi азаматтарды резина таяқпен ұрып оларды iшкi iстер бөлiмiне жеткiздi.

Тапсырма:

1. Полицияның iсi дұрыс па?
2. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
3. Осы жағдайда әкiмшiлiк құқық бұзушылық бар ма?
4. Әкiмшiлiк жазалау шарасын тағайындауға кiм құқылы?

№7 есеп.

2021 жылдың 15 ақпанында 17:20 сағат шамасында Тараз қаласының Шу станциясының маңында ЖПБ УПИ полиция капитаны А.Қалтаев патрульдеу кезінде азаматша М. Каршалованы УПП-не жеткізді.

Анықтау барысында азаматша М. Каршалованы есірткіге ұқсас заттарды кеуірттің қорабына салып ұсынып тұрған жерінен анықтаған

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
2. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
3. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?

№8 есеп.

2021 жылдың 2 ақпанында сағат 11.30 минут шамасында № 40 орта мектептің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі УПИ полиция лейтенанты А.Абаев және осы мектептің тәрбие жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары А. Аманжоловамен бірге мектептің дәретханасынан таблеткалық есірткіге ұқсас құралдарды қабылдайтынын байқады.

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
2. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
3. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы КТІЖ УПИ қандай құжат толтыруы қажет.
5. Мектептің тәрбие жұмыстары жөніндегі директоры жауапкершілікке тартылады ма?

№9 есеп.

Патрульдік полиция қызметкерлері қызмет барысында жасөспірім Айбек пен Асланды № 65 орта мектептің ауласында рұқсат жоқ жерде темекіге ұқсас есірткіге ұқсас затты шегіп отырған жерлерінен көрді. ПП қызметкерлерінің ескертулерін тыңдамады, учаскелік полиция пунктіне жеткізілген кезде бағынбаушылық танытты.

УПИ анықтауы кезінде Айбек үш ай бұрын осындай құқық бұзушылықпен ұсталғаны туралы анықталды.

Тапсырма:

1. Құқық бұзушылықты саралаңыз.
2. Осы жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бар ма?
3. Әкімшілік жазалау шарасын тағайындауға кім құқылы?
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы УПИ қандай құжат толтыруы қажет.

№10 есеп.

Заңсыз есірткі бизнесімен және есірткіні заңсыз айналымымен күрес бойынша ПО қызметкері құрамында есірткі құралдары мен психотроптық

заттар бар дәрілік препараттарды жарнамалаумен көрінген әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады.

Тапсырма:

- 1. Құқық бұзушылықты саралаңыз*
- 2. Осы жағдайда қандай лауазымды тұлғалар әкімшілік құқық бұзушылық бойынша өндірісті қозғауға құқылы?*
- 3. Кім әкімшілік сөгіс салуға құқылы?*
- 4. Әкімшілік құқық бұзушылық ісі туралы іс бойынша құжаттарды атаңыз.*

№11 есеп.

Майкөл ауылында кешкі 23 сағат 15 минут шамасында УПИ аусымнан соң үйіне қайтып бара жатып екі белгісіз адамның дүңгіршектің есігін бұзып жатқандығын көреді. Жақындап келе жатқан полицейді көріп олар қаша жөнеледі, ал УПИ олардың тоқтауын талап етіп соңдарына түседі. УПИ өзімен бірге табельдік қаруы болғандықтан ол оны қолдануды шешіп, біреуін көздеп атып аяғынан жаралады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды және УПИ әрекетін бағалаңыз.*
- 2. Осы факті бойынша полиция қызметкерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3. Табельдік қару қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

№12 есеп.

2021 жылдың 15 ақпанында АПБ кезекші бөліміне азаматша М. Жолаевдан көршілерінен айқай-шу, үй-күй болып жатқаны туралы хабар түседі. УПИ анықтау барысында әкесі кәмелетке толмаған баласын жуынатын бөлмеге қамап, үйіндегі мүлкін араққа айырбастап, ащы судың жетегінде кетіп қалатыны анықтады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды саралаңыз.*
- 2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.*
- 3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?*

№13 есеп.

2021 жылдың 05 қаңтарында азаматша А.Қ. Аманова Қостанай қаласының оңтүстік полиция бөлімінің кезекші бөліміне жүгінді және оның жұбайы Б.А. Айтпаевтың жұмыстан жиі масаң күйінде келіп, үйде жанжал шығарады. Жанжал барысында оған дене жарақатын салады деп хабарлады. Жәбірленушінің айтуынша азамат Б.А. Айтпаев 2021 жылдың 15 қаңтарында кешке тағы да масаң күйінде үйге келіп, А.Қ. Аманованың сол жақ кеуде қуысының төменгі бөлігін ұрды. Соққыдан кейін жәбірленуші осы аймақта қатты ауырсынуды сезінді, ол осы уақытқа дейін төзіп

келгендігін, өйткені ол жұбайы Б.А. Айтпаев одан әрі ашуландырудан қорықты.

Тапсырма:

1. Б.А. Айтпаевтың әрекетін анықтаңыз.
2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.
3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?
4. Бұл жағдайда құқық бұзушыға қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?

№14 есеп.

2021 жылдың 25 қаңтарында сағат 20:30 шамасында Қостанай қаласы ПБ кезекші бөліміне азамат А.Қ. Аманова, телефон қоңырауы түсті, ол өзінің бірге тұратын М.А. Аманов үйіне масаң күйінде келгенін, оны әдепсіз сөздермен қорлағанын және үйдегі люстраны сындырғанын айтты.

Тапсырма:

1. А.Қ. Аманованың әрекетін анықтаңыз.
2. ПБ кезекшісі мен учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз.
3. Осы факті бойынша қандай іс жүргізу құжаттарын жасау қажет?

№15 есеп.

Қостанай-Алматы поездының тамборында патрульдік полицейлері жолаушылар поезын аралау кезінде кәмелетке толмаған А. азаматы арақ ішіп тұрғанын көрді.

Тапсырма:

1. А.азаматының әрекетін саралаңыз.
2. Патруль полицейлері қандай материал құрастыруы қажет?
3. Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

№16 есеп.

2021 жылғы 22 ақпан күні сағат 11-00 шамасында Әль-Фараби көшесі мен Алтынсарин көшесінің қиылысында, бұқаралық іс-шара болып жатқан жерде ПП қызметкерлері қолмен реттеу техникасын өткізіп жатқан еді. Осы уақытта аз. А.Дюсенов, мас күйде болып, бағдаршам жарығының тиым салған жарығына қарамастан өз авто көлігімен көшені қиып оту кезінде апаттық жағдайды жасады..

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыз және сарлаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекеттерін мазмұндаңыз.
3. ҚР ӘҚБтК-нің қандай бабы бойынша хаттама толтырылады?
4. Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды.

№17 есеп.

2021 жылғы 23 ақпан күні орталық саябақта «Ішкі әскер» күнінен байланысты спорттық іс-шара өтіп жатыр еді. Осы кезде Гоголь көшесі «Қазақстан» кинотеатр жанында Ларионов және Кудин мас күйде болып, қастарынан өтіп бара жатқан Зарекиннен арақ шөлмегін алуға ақша беруіне талап қойған.

Ларионов пен Кудиге, Зарекин бермеймін деген жауап бергенде, олар оны былапат сөзбен балағаттап, соққыға жығамыз деп қорқытты.

Келген полиция наряды Ларионова пен Кудинге жөнге келулеріне талап қойды, бірақ олар белсенді қарсылық күш көрсеттіп, полиция қызметкерлерінің біреуінің погонын жұлып алды.

Тапсырма :

1. *Жағдайға құқықтық баға беріңіз. Ларионов пен Кудиннің әрекеттерін ҚР ӘҚБтК-не сәйкес саралаңыз.*

2. *Тап осы жағдайдағы полиция нарядының әрекеттерін анықтаңыздар.*

3. *Тап осы жағдайда әкімшілік жаза салуы кімнің юрисдикциясына кіреді?*

№18 есеп.

Әкімшілік қадағалаудағы Петров бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған:

2021 жылдың 15 мамырында қоғамдық орында өткізіліп жатқан Бұқаралық іс-шара кезінде спиртке ішімдіктерін ішіп масаң күйде жүргені кезінде полиция нарядымен ұсталған.

Тапсырма:

1. *Жағдайға талдау беріңіз.*

2. *Петровтың құқық бұзушылық жасағаны үшін құқықтық зардаптары қандай?*

3. *Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарға қандай шектеулер қойылады?*

4. *Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдардың әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғандық үшін жауаптылыққа тарту реті қандай? Осындай істерді кім анықтап қарайды және шешеді?*

№19 есеп.

2021 жылғы 30 наурызда 23:00 сағат шамасында жедел тергеу тобымен поездда 20 литр спирт апара жатқан жерінен азамат Ю.Г. Тумасянды анықтады. Спиртті тасымалдау үшін құжаттар болмады және ол спиртті Орталық базардан белгісіз азаматтан сатып алғандығы туралы айтты. Оның сөзінен спирт жиенінің тойына арналған.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз?*

2. *ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*

3. *ҚР ӘҚБтК-нің қандай бабы бойынша хаттама толтырылады?*

4. *Спиртті алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*
5. *Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды.*

№20 есеп.

Полиция патрулдік нарядына сағат 12.00 шамасында «Айналайын» азық-түлік дүкенінен хабар түседі. Дүкен ішінде азамат А. өз әйелін тұтынушылардың көзінше балағат сөздер айтып қол көтерді. Күйеуі масан күйде және баруға бас тартуда.

Тапсырма:

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
2. *Іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және осы жағдайда полиция қызметкері қандай құжаттарды жасауы тиіс?*
3. *А.К. Алтавқа әкімшілік жаза қолдану туралы шешімді кім қабылдайды?*
4. *А.К. Алтавқа хаттама толтырыңыз.*

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы науқастардың еңбегін ұйымдастырудағы ПО рөлі қандай?
2. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы науқастардың құқықтары мен міндеттері.
3. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы алкогольмен және нашақорлықпен ауыратын науқастардың мінез-құлық қағидалары және оларды орналастыру шарттары.
4. Маскүнемдер мен нашақорлар деп танылған адамдарды ПО-ға есепке алу тәртібі қалай?
5. Мәжбүрлеп емдеуге арналған ішкі істер органдары мен наркологиялық ұйымдардың өзара іс-қимылы.
6. Нашақорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайлары.
7. ПО-ның кәмелетке толмаған маскүнемдермен және нашақорлармен профилактикалық жұмысы.
8. Маскүнемдіктің және нашақорлықтың алдын алу кезінде ПО қызметін ұйымдастыру тәртібінің іс-әрекеттері.
9. Алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратындардың құқықтық жағдайы.
10. Алкоголизм мен нашақорлықпен ауыратындардың әлеуметтік қауіптілігі.
11. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымнан шыққан адамдарды еңбекке және тұрмыстық жайластырудағы ПО рөлі.
12. Алкоголизм мен нашақорлық себебінен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берген адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі қалай?

13. Нашакорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың себептері мен шарттары.
14. Алкоголизмнің жеке профилактикасы.
15. Маскүнемдік пен нашакорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың себептері мен шарттары.
16. Әкімшілік құқықтық ықпал ету шаралары.
17. Мінез құлқына ерекше талаптар белгілеу тәртібі
18. Масан күйде болғанда хаттама толтыру тәртібі
19. Кәмелетке толмағандарға байланысты емдеу шарасы.
20. Емделіп шыққандарға арнайы бақылау қалай жүзеге асырылады?

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Адам қатты алкогольдік мас күйінде, бірақ сонымен бірге қалыпты көріністе, тыныш және агрессивті емес күйде табылған кезде учаскелік полиция инспекторының іс-қимыл алгоритмін көрсетіңіз?

А) қызмет идентификаторын көрсету үшін пайда болады; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; адамның амандығы туралы, оған көмек қажет пе, жоқ па деп сұрайды; мас күйінде қоғамдық орында болу қаупін түсіндіреді; адамның келісімі болған жағдайда оны үйіне алып жүреді

В) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; уақытша бейімделу және детоксикация орталығына жеткізеді

С) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды; құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын жердегі УПП-ге жеткізеді

Д) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; адамның амандығы туралы, оған көмек қажет пе, жоқ па деп сұрайды; мас күйінде қоғамдық орында болу қаупін түсіндіреді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін жақын жердегі УПП жеткізеді

Е) ұстау себептері туралы хабарлайды, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын маңдағы УПП-ға немесе уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына жеткізеді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды

2. Учаскелік полиция инспекторының адам ауыр алкогольдік масан күйде, әдепсіз мінез-құлықта болған кезде, іс-әрекет алгоритмін көрсетіңіз?

А) қызмет идентификаторын көрсету үшін пайда болады; барлық әрекеттер бейнетіркеуішке жазылады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; алкогольдік мастану дәрежесі және орталыққа орналастыру қажеттілігі анықталатын жақын маңдағы УПП-не немесе уақытша бейімделу және детоксикация орталығына жеткізеді; ҚР

ӘҚБТК-ның 440-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды немесе құқық бұзушыны есінен жиғаннан кейін орталықта кезекші полиция қызметкері осы хаттаманы жасайды

В) ұстау себептері туралы хабарлайды, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын маңдағы УПП-ға немесе уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына жеткізеді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды

С) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; адамның амандығы туралы, оған көмек қажет пе, жоқ па деп сұрайды; мас күйінде қоғамдық орында болу қаупін түсіндіреді; адамның келісімі болған жағдайда оны үйіне алып жүреді

Д) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; уақытша бейімделу және детоксикация орталығына жеткізеді

Е) пайда болады, қызметтік куәлікті көрсетеді; барлық әрекеттерді видеорегистраторға жазады; ұстаудың себептері туралы хабарлайды; құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; жақын жердегі УПП-ге жеткізеді

3. Алкогольдік немесе есірткілік мас күйдегі кәмелетке толмаған баланы қайда апару керек?

А) КТБО-ға

В) медициналық мекемеге

С) әкімшілік ұсталғандарға арналған бөлмеге

Д) тек қызметтік үй-жайға (кабинетке)

Е) тек үйге

4. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адамды өз еркімен емделуден жалтарған жағдайда стационарлық емдеуге жатқыза аламыз ба?

А) УПИ-нің шешімімен

В) медициналық мекеменің шешімімен

С) емделуден жалтарса жатқыза алмаймыз

Д) соттың шешімімен

Е) тек үйге

5. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру үшін лицензия қай мерзімге беріледі?

А) 2 жылға

В) 3 жылға

С) 4 жылға

Д) 5 жылға

Е) 1 жылға

6. Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесін, сондай-ақ оларды әзірлеу, өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, жөнелту, босату, сату, бөлу, сатып алу, пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету ережелерін белгілейді?

- A) ҚР Президенті
- B) ҚР Үкіметі
- C) ҚР ІІМ
- D) ҚР ҰҚК
- E) ҚР Бас прокуроры

7. Белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар мөлшерін қамтиды?

- A) мемлекеттік квота
- B) бөлшек сауда
- C) көтерме сауда
- D) халықаралық комитет
- E) денсаулық сақтау ұйымы

8. Есірткі және психотроптық дәрілік заттарды әзірлеуді жүзеге асырады?

- A) қызметтің осы түріне лицензиясы бар мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемелері
- B) қызметтің осы түріне лицензиясы жоқ мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемелері жүзеге асырады
- C) қызметтің осы түрімен айналысуға рұқсаты бар фармацевтикалық зауыттар
- D) қызметтің осы түрімен айналысуға рұқсаты бар барлық мекемелер
- E) дұрыс жауап жоқ

9. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді жүзеге асырады?

- A) осы қызмет түріне лицензиясы бар жеке тұлғалар
- B) осы қызмет түріне лицензиясы жоқ заңды тұлғалар
- C) осы қызмет түріне лицензиясы бар заңды тұлғалар
- D) осы қызмет түріне лицензиясы бар ҚР азаматтары
- E) осы қызмет түріне лицензиясы бар барлық адамдар

10. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімі қанша кестеден және тізімнен тұрады?

- A) II
- B) III

- C) IV
- Д) V
- Е) VI

11. Қазақстан Республикасында айналымына тыйым салынған есірткі, психотроптық заттар қай кестеге енгізіледі?

- A) I
- B) II
- C) III
- Д) IV
- Е) V

12. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды жою қай кезде жүзеге асырылады?

- A) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жарамдылық мерзімі өткен болса
- B) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тәркіленген болса
- C) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар химиялық немесе физикалық әсерге ұшырап, соның салдарынан қайта қалпына келтіру немесе қайта өңдеу мүмкіндігінен айрылып, жарамсыз болған жағдайда
- Д) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың ғылыми немесе өзге де құндылығы болмаған жағдайда
- Е) барлық жауап дұрыс

13. Заңды тұлғаларға өздерінің өндірістік мұқтаждарынан артық мөлшердегі прекурсорларды сақтауға:

- A) тыйым салынады
- B) тыйым салынбайды
- C) арнайы лицензиясы болса ғана рұқсат етіледі
- Д) заңда көзделген жағдайлар болса рұқсат етіледі
- Е) жарамдылық мерзімі өтпесе рұқсат етіледі

14. Заңсыз айналымдағы есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар, оларды заңсыз әзірлеуге пайдаланылатын заттар, аспаптар мен жабдықтар, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлардың заңсыз айналымына пайдаланылатын мүлік пен ақша қаражатын не олардың заңсыз айналымы нәтижесінде алынған табыс:

- A) тәркіленеді
- B) тәркіленбейді
- C) мемлекет кірісіне алынбайды
- Д) тәркіленеді және мемлекет кірісіне алынады
- Е) тәркіленеді бірақ мемлекет кірісіне алынбайды

15. Медициналық куәландырудан немесе медициналық тексеруден жалтаратын адам:

- А) әкімшілік жауапкершілікке тартылады
- В) наркологиялық мекемеге әкелінуге тиіс
- С) жұмыстан босатылады
- Д) қамаққа алынады
- Е) дұрыс жауап жоқ

16. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберу кімдерге қолданылмайды?

- А) кәмелетке толмағандарға
- В) жүкті әйелдерге
- С) 1 топтағы мүгедектерге
- Д) 2 топтағы мүгедектерге
- Е) барлық жауап дұрыс

17. ҚР ӘҚБтК-нің 785-бабының негізінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің мынадай шаралары қолданылуы мүмкін:

- А) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған жерге
- В) жеткізу;
- С) жеке тұлғаны әкімшілік ұстап алу болып табылады;
- Д) көлік құралдарын тексеру;
- Е) барлық жауабы дұрыс

18. Мүлікке тыйым салуды қолданудың мақсаттарының бірі

- А) мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өтпеген адамдар қатыса алмайды;
- В) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінсіз не жасырын, қолдан жасалған немесе ұлттық стандартқа сәйкес келмейтін нөмірлік белгілері бар болса, тыйым салынады.
- С) құнды өндіріп алу туралы қаулыны орындау негізінде жүзеге асырылады.
- Д) көлік құралын жүргізуден шеттетудің құқық бұзушыны жол жүрісі қағидаларын алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйде куәландырудан өз бетінше өмір сүруге құқығы болуға тиіс;
- Е) көлік құралын жүргізуден шеттету және оны алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйге куәландыру;

19. ҚР ӘҚБтК 786-бабында көрсетілген жеткізу мақсаттарына сәйкес келуге тиіс:

- А) Құқық бұзушылықтың жолын кесу
- В) құқық бұзушының жеке басын анықтау
- С) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау арқылы жүзеге асырылады

- Д) қорғау нұсқамасын шығарған кезде тоқтатылады
- Е) барлық жауап дұрыс

20. Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған адамдарға қандай шара қолданылады?

- А) мәжбүрлі емдеу жүргізіледі
- В) тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепке алынады
- С) арнаулы мекемеге жатқызылады
- Д) қамаққа қамайды
- Е) оларды жазалайды

2.7. Қаруды қолдана отырып және табиғат қорғау заңнамасы саласында жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу

№1 есеп.

Шамамен 04:00 сағатта. жедел қызмет әскери қызметшілері Б. Максатов пен Р. Бериков Кастал ауылының ормандарында жүрген еліктерді атуға тырысты. Оқиға орнына келген Қаратал ауылының УПИ Б. Максатовты ұстады, ал Р. Бериков оқиға орнынан жасырынуға тырысты. Р. Берклиді ұстау мақсатында полиция қызметкері А.А. Тайкин жоғары қарай екі ескерту оқ атқан, оған Р. Бериков ешқандай қортынды шығармады, содан кейін қызметкер нысандап атып, Р.Бериковтың оң аяғын жарақаттады.

Тапсырма:

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) Қызметкердің іс-әрекеті осы жағдайда заңды екенін анықтаңыз?*
- 3) Қаруды алып қою хаттамасын толтырыңыз.*

№2 есеп.

Аулиекол ауданының аңшысы Серіков тұрақты түрде Астана қаласына кетіп, өзінің аңшылық қаруын көршісі Аскаровқа сыйлады. Бір жылдан соң Аскаров қаруды өзіне ресми рәсімдемек болды және өтінішпен Қостанай ІІБ АҚҚАБ бөлімшесіне өтініш берді. Серіков қалдырған қаруға құжаттарды ұсынды.

- 1) Серіков пен Аскаровтың әрекетінде құқық бұзушылық бар ма?*
- 2) АҚҚАБ инспекторы не істеуі керек және ІІБ кезекшісі анықтауды*
- 3) жүргізген қызметкерлерден қандай құжаттарды қабылдауы керек?*
- 4) Аталған дерек бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 5) Аскаровтан жауап алу хаттамасын толтырыңыз.*

№3 есеп.

Жедел-алдын алу іс-шараларының барысында УПИ Наурызым ауданы ПО ЖПҚ табиғатты қорғау полициясы қызметкерлерімен бірлесе Березов өзенінде балық ұстап отырған төрт балықшыны көрді. Ау салуға рұқсаттары болғанмен балықшылардың барлығы мас болды. Балықшылар балықты бір аумен ұстап отырған.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ЖПҚ қызметкері балық аулауға рұқсаттың болмауы жағдайында қалай әрекет етуі қажет?*
- 3) Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*

№4 есеп.

УПИ-не Карасу ауылында машина ауласының күзетшісінен рациямен Ж. деген азаматтың масаң күйде ауладан К- 900 тракторымен шығып кетіп, аудан жаққа кеткені туралы хабар түсті. УПИ және оның көмекшісі машина

ауласы жаққа жолға шықты, бірақ жолда олар өздеріне қарсы азамат Ж. басқарған К-900 келе жатқанын көреді. УПИ-ның тоқтау туралы талабына азамат Ж. әрекет танытпады. Сол кезде УПИ үш рет оқ атты, нәтижесінде К-900 тракторының артқы доңғалағына тиіп, азамат Ж. ұсталды.

- 1) *Жағдайды саралап, бағалаңыз.*
- 2) *Учаскелік полиция инспекторы дұрыс істеді ме?*
- 3) *Аталған дерек бойынша жинауға тиіс құжаттарды тізбектеп беріңіз.*
- 4) *Арнаулы құралдарды және қаруды қолдану туралы баянат толтырыңыз.*

№5 есеп.

УПИ көмекшісі Алтынсарин көшесі бойынан өтіп бара жатып Максutowаның сөмкесін белгісіз біреу тартып алып қашып бара жатқанын көріп тоқтатпақ болды. УПИ көмекшісі қаруын шығарып, ескерту ретінде жоғарыға атты. Белгісіз болған адам қорқып, жерге жата қалды. Одан соң УПИ көмекшісі оны ұстап, кісен салды.

- 1) *Жағдайды сараптаңыз*
- 2) *УПИ қаруды қолдануы заңды ма?*
- 3) *Табельдік қаруды қолдану туралы баянат толтырыңыз.*

№6 есеп.

ПО кезекшісінің нұсқауы бойынша УПИ өзінің көмекшісімен бірге келесі мекенжай бойынша шықты: Нурсултан қ., Алтынсарин көш., 12/8 пәтерде жалғыз басты әйелдің қайтыс болуы туралы ақпарат бойынша. Үйдің ауласында УПИ үйге кіргізбеген үлкен ит болды. УПИ итті атып тастады, бұл туралы ПО кезекшісі мен прокурорды ақпараттандырды.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және УПИ әрекетін бағалаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз және осы факті бойынша қандай құжаттарды жинау қажет екендігін атаңыз.*
- 3) *Қару қолдану туралы баянат құрастырыңыз*

№7 есеп.

Аружан сауда орталығына қарулы шабуыл жасаған үш қылмыскер тұрғын үйдің жертөле қабатына жасырынды. Полиция қызметкерлерімен қоршауға алынған олар қаруларын қойып берілуден бас тартты.

- 1) *Полиция қызметкерлеріне осы жағдайда қандай арнайы жолын кесу шараларын қолдануға болады?*
- 2) *Арнайы құралдарды қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

№8 есеп.

УПИ өзінің тағылымдамашысымен сағат 23 шамасында мас жасөспірімдер тобына жақындады, олар «Нұр» магазинінің қасында балағат сөздерді қолдана қатты дауыспен сөйлесіп тұрды. Полиция қызметкерлерінің ескертулеріне құлақ аспай, оларды да балағаттады. Одан

әрі жасөспірімдер УПИ-не жабылып қаруын алып қоймақшы болды.

УПИ қаруын шығарып, дайындап, үш құқық бұзушыны бес рет атып жарақаттады. Оқиға орнына полиция қосымша наряды УПИ көмек көрсету үшін келді.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *Полиция қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Қару қолдану туралы баянатқрастырыңыз.*

№9 есеп.

Затобол ауылында кешкі 23 сағат 15 минут шамасында УПИ аусымнан соң үйіне қайтып бара жатып екі белгісіз адамның дүңгіршектің есігін бұзып жатқандығын көреді. Жақындап келе жатқан полицейді көріп олар қаша жөнеледі, ал УПИ олардың тоқтауын талап етіп соңдарына түседі. УПИ өзімен бірге табельдік қаруы болғандықтан ол оны қолдануды шешіп, біреуін көздеп атып аяғынан жаралады.

- 1) *Жағдайды және УПИ әрекетін бағалаңыз.*
- 2) *Осы факті бойынша полиция қызметкерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Табельдік қару қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

№10 есеп.

УПИ өзінің үйінің қараңғы подъездіне кіріп пәтерінің есігін аша бастады. Осы сәтте оны біреу артынан қатты қысып алып тұншықтыра бастады. Басып алудан құтыла алмаған УПИ қаруын шығарып шабуыл жасаушыға оқ атты.

Ауыр жарақаттанған ауыр қылмыс жасағаны үшін шығуға тыйым салынған 17 жасар С.Б.Кастаев еді.

- 1) *Жағдайды сараптаңыз.*
- 2) *УПИ қаруды қолдануы заңды ма?*
- 3) *Табельдік қару қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

№11 есеп.

2020 жылдың 12маусым айында табиғатты қорғау полициясы қызметкерлері рейд жүргізді. Талас көлінде үш адамды тексеру барысында олардың аңшылыққа рұқсаттары болмағандары және біреуінде екі қару бар болғаны анықталды. Екі қаруға да рұқсаттық құжаттары болған жоқ, олар қаруды кеше көлдің жағасынан тауып алғанын және ІІБ-не тапсыруды ойлағанын айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *Табиғатту қорғау полициясы қызметкерлері әрекетінің алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар толтыруы қажет?*
- 3) *Аталған дерек бойынша шара қолдану туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *Қаруды тәркілеу хаттамасын толтырыңыз*

№12 есеп.

УПП-не азамат Аскарбек өзінің «Ауди-80» автокөлігіне зиян келтірген белгісіз азаматтар туралы шағым жасады. Қарау барысында УПИ және оның көмекшісі автокөліктің артқы жағында оқтардың ізін көрді. Азық-түлік дүкенінің қожайынының қойған бейнекамерасынан қарау арқылы «Ваз-2106» автокөлігінде отырған ер адам Аскарбектің автокөлігіне зиян келтіріп, ЖКО орнынан қашып кеткен.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *Көлік құралын қарау хаттамасын құрастырыңыз.*

№13 есеп.

Азамат Зотов Л.И. дүкен сатушысы Л.Л. Жукованы оған қарызға бір бөтелке арақ бермегені үшін балағаттап, өзінің басына қару тосты. Дүкенде тұрған азаматтар УПИ шақыртты. Шақыруға келген учаскелік полиция инспекторы қаруды қойғызып, сөйлесуге тырысты, Д.Ж. Ибрагимов мас күйдегі Л.И. Зотоваға анықтау үшін учаскелік полиция пунктіне баруды ұсынды. Зотов Л.И. учаскелік полиция инспекторының талаптарын орындаудан бас тартты, сонымен қатар оны да балағаттады.

- 1) *Л.И. Зотовтың әрекетін саралаңыз.*
- 2) *Осы жағдайда Л.И. Зотовқа учаскелік полиция инспекторы қандай мәжбүрлеу шараларын қолдана алады?*
- 3) *Учаскелік полиция инспекторы қандай материал құрастыруы қажет?*
- 4) *Қаруды алып қою хаттамасын толтырыңыз.*
- 5) *Арнайы құрал қолдану туралы баянат құраңыз.*

№14 есеп.

ППҚ автопатрулі ауысымнан қайтып келе жатып жолдан тайып кеткен мемлекеттік тіркеу нөмерлері жоқ «Ауди-80» автокөлігін көрді. Көлікте жүргізуші болмады, көліктің есіктері жабылмаған, ішінде қару және оқтар табылды. Полиция қызметкерлері автокөлікті автотұраққа қойып, ПО кезекшісіне баянатпен баяндады.

- 1) *ППҚ патрулінің әрекеті дұрыс па?*
- 2) *ППҚ кезекшісі қалай әрекет етуі тиіс?*
- 3) *Ұстау, жеткізу және көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу туралы акт құрастырыңыз..*
- 4) *Қаруды алып қою хаттамасын толтырыңыз.*

№15 есеп.

Сирияда билікті қарумен басып алу және жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы Қырғыз Республикасының аумағынан азаматтардың (шамамен 3 мың адам) жаппай

көшуі орын алды. ҚР ҰҚК төрағасы әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін 30 тәулікке дейінгі мерзімге енгізді.

1. *ҚР ҰҚК төрағасы дұрыс істеді ме?*
2. *Бұл жағдайда әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін енгізуге кім құқылы?*
3. *Осы факт бойынша тартылатын күштер мен құралдарды атап шығыңыз.*

№16 есеп.

Табиғат қорғау полициясының қызметкерлері аңшылықтың ашылуы күні рейд өткізді. «Сарыарка» өзенінде белгісіз екі адамды тексеру кезінде олардың аңшылыққа рұқсаттары жоқ екені анықталды. Сондай-ақ екі қару табылды. Екі қаруға рұқсат қағазы болмады, өзі оны кеше өзен жағасынан қамыстың ортасынан тауып алғандығын және өзеннің жағасында таза ауа да демалып отқандарыналыдыға тартты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз, және қандай құжаттар толтыруы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *Қаруды алып қою хаттамасын толтырыңыз.*

№17 есеп.

Түнгі сағат 02:00 шамасында Прусаков С.М. және оның ағасы Прусаков Г.А., Мендіқара ауданының жол бойындағы орманды өрттеп, дала доңыздарын атуға тырысты. Пультті дабыл сигналымен келген полиция киімін көріп, олар жасырынуға тырысты. Қашып кеткендерді қудалау кезінде полиция қызметкері полиция лейтенанты Г. Зиновьев ПМ қаруын қолданып М.Прусаковтің басын жарақаттап, оны ұстады.

Тапсырма:

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *Қызметкердің іс-әрекеті осы жағдайда заңды екенін анықтаңыз?*

№18 есеп.

Азамат Л.Ж. Орел өзінің көршісі Р.П. Манаубайдан аң аулау қаруын сатып алып, оны тексеру үшін «Дорожник» гараждар кооперативінің ауласында бос бөтелкелерге екі рет атты. Бұл жағдайдың куәгерлері кооператив төрағасы мен күзетшісі бұл туралы учаскелік полиция инспекторына хабарлады.

- 1) *Құқық бұзушылықты бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және ПО кезекшісі УПИ-нен қандай құжаттарды қабылдауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *Азамат Омаровада қаруды сақтау шарттарын тексеру туралы баянат құрастырыңыз.*

№19 есеп.

Қаскат ауылында азамат Л.Э. Сердюк көршісі әуесқой аңшы Р.Ж. Омаровты қойды сою үшін шақырды. Қой үлкен болғандықтан ол Омаровты сүзгілей бастады, сол кезде олар Омаровтың қаруынан екі рет оқ атты. Оқтың даусына УПИ мен оның көмекшісі келді.

- 1) Құқық бұзушылықты саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және ПО кезкішісі УПИ-нен қандай құжаттарды қабылдауы тиіс?
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?
- 4) Қаруды алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

№20 есеп.

Қостанай қаласының Ветер ломбардына қарулы шабуыл жасаған қылмыскерлер тобы ломбардтан шығып бара жатқан кезде полиция қызметкерлерімен қоршауға алынды. Пультті дабыл сигналымен келген полиция қызметкерлері ломбардты қоршауға алып, олардың қаруды қойып берілуін талап етті, олар қаруларын қойып берілуден бас тартты.

- 1) Полиция қызметкерлеріне осы жағдайда қандай арнайы жолын кесу шараларын қолдануға болады?
- 2) «Черемуха» арнайы құралын қолдану туралы баянат құрастырыңыз.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Әкімшілік ықпал ету шаралары
2. Лицензиялық-рұқсат ету жүйесі объектілеріне бақылау жасау механизмі мен негізгі бағыттары
3. Қарудың бөлек түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау.
4. Лицензиялық-рұқсат ету жүйесі объектілері айналымына бақылау жасау тәртібі.
5. Лицензиялық-рұқсат ету жұмысын ұйымдастыру
6. Қарудың жеке түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау
7. Ерекше талаптар бітпейінше қару қолдануға болады ма?
8. Қаруды қайта алған жағдайда емтихан немесе арнайы медициналық зерттеулерден өту қажет пе?
9. Азаматтық қаруды сатып алу тәртібі қандай?
10. Азаматтық қаруды елді мекендерде және арнайы бөлінбеген орындарда қолданған үшін жауапкершілігі.
11. Қаруды иелену және пайдалану тәртібі?
12. Қаруды иемдену жасы?
13. Қаруды қолдану құқығы
14. Ойық және тегіс ұңғылы қарудың не айырмашылығы бар?
15. Азаматтық қаруды иемденіп алудың заңдылығын растайтын құжаттарды неше уақытқа беріледі?

16. Қарудың иесі тұрғылықты жерін өзгерткен кезде қаруды ішкі істер органының есебінен неше күн ішінде шығарады?

17. Қару жоғалған немесе ұрланған жағдайда ПО неше күн ішінде хабарлау қажет?

18. Рұқсат беру жүйесінің ережесін бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершіліктер.

19. Күзет қызметі лицензиялық-рұқсат алады ма?

20. Қарудың жеке түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1) Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу не оны есепке қою тәртібін бұзу ҚР КПК кай бабында көрсетілген?

A) 410 бапта

B) 487 бапта

C) 486 бапта

D) 457 бапта

E) 390 бапта

2) Атыс қару дегеніміз не?

A) дыбыс, жарық және түтін белгілерін беру үшін пайдаланылатын қару

B) қолданылуы көз жасын ағызатын немесе тітіркендіргіш заттарды пайдалануға негізделетін қару

C) оқ дәрі немесе өзге де заряд қуатының әсері нәтижесінде ұңғы оқпанынан оқты, снарядты, гранатаны ұшырып шығаратын қару

D) жоқ

E) барлық жауап дұрыс

3) Азаматтық қару нешеге бөлінеді?

A) 4

B) 5

C) 3

D) 2

E) 6

4) Браконьерлік дегеніміз

A) жабайы аңдарды немесе өсімдіктерді заңсыз аулау, аулау немесе өндіру ретінде анықталады

B) табиғатты қорғайтын орган

C) өсімдіктерді, аңдарды өсірі мақсатында ұйым құрастыру

D) қарудың түрі

E) арнайы медициналық термин

5) Қару лицензиясының қолданылу мерзімі

A) 3 жыл

- В) 10ай
- С) 5 жыл
- Д) үнемі
- Е) 1 ай

6) Браконьер француз тілінен аударғанда:

- А) хайуан
- В) аңшылық
- С) заңсыз аңшылық
- Д) ит аңшысы
- Е) аударылмайды

7) Нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілетін қаруды қалай атайды?

- А) суық қару
- В) электрлік қару
- С) пневматикалық қару
- Д) оқ-дәрі
- Е) лақтырылатын қару

8) «Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту» туралы бұйрық қай жылы қабылданды?

- А) 2014 жылы 29 қарашада
- В) 2011 жылы 12 акпан
- С) 2009 жылы 10 қарашада
- Д) 1995 жылы 30 тамызда
- Е) 2015 жылы 29 желтоқсан

9) Қаруға арналған лицензияны алу үшін қай полиция бөлімшесіне жүгіну қажет?

- А) КПБ
- В) УПИ
- С) УҰИ
- Д) ТБ
- Е) ӘПБ

10) Заңсыз аң аулау дегеніміз?

- А) Қызыл кітапқа еңген не аңшылық маусымына қарамастан заңға қайшы аң аулау
- В) Құқыққа қарсы іс әрекет жасау
- С) Құқыққа қарсы біреудің жануарын иеленіп алу
- Д) Барлық жауап дұрыс
- Е) Рұқсаты бар адамның аң аулауы

11) Аң аулауға қойылатын өзіндік талаптар ішінде міндетті түрде болу қажет:

- A) қару
- B) құрал сайман
- C) салық заңнамасында бекітілген мемлекеттік баж салығының төленгені туралы түбіртек
- D) ақша
- E) ақпарат

12) Қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекциялау, иелену және экспонаттау лицензиялануға жатадыма?

- A) ия жатады
- B) кейде жатады
- C) дұрыс жауабы жоқ
- D) жоқ жатпайды
- E) жауаптардың бәрі дұрыс

13) Қару иесі дегеніміз?

- A) қару иесінен қаруды уақытша пайдалануға алған жеке немесе заңды тұлға
- B) қаруды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға лицензиясы бар ұйым
- C) қаруды иеленуге, алып жүруге және сақтауға арналған рұқсат негізінде қаруды иеленетін жеке немесе заңды тұлға
- D) барлық жауап дұрыс
- E) дұрыс жауабы жоқ

14) Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды кім жүзеге асырады?

- A) ҚР азаматтары
- B) Лауазымды тұлғалар
- C) Уәкілетті органдар
- D) ҚР прокуратура органдары
- E) ҚР мемлекеттік органдары

15) «Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту» туралы бұйрықтың нөмірі

- A) №1095 Бұйрық
- B) №1090 Бұйрық
- C) №1096 Бұйрық
- D) №1097 Бұйрық
- E) №1098 Бұйрық

16) Қару дегеніміз?

- А) конструкциялық жағынан қарудың тиістітүрінен ату үшін және нысананы зақымдауға арналған құрылғылар немесе заттар
- В) барлық жауап дұрыс
- С) конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттар
- Д) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына, оларды сәйкестендіру және заңсыз қолдан жасау мүмкіндігін болғызбау мақсатында қойылатын арнайы техникалық талаптар
- Е) қолданылуы электр разрядының күшіненегізделіп арнайы бейімделгентетік.

17) Браконьер француз тілінен аударғанда:

- А) хайуан
- В) аңшы
- С) заңсыз аңшылық
- Д) ит аңшысы
- Е) аударылмайды

18) Атыс қаруын және өзгеде қаруды қолдану қай бапта көрсетілген?

- А) 59 бап
- В) 60 бап
- С) 61 бап
- Д) 63 бап
- Е) 62 бап

19) Аңшылық қару қай қару түрлеріне жататды?

- А) Спорттық қару
- В) аңшылық қару
- С) Азаматтық қару
- Д) қызметтік қару болып бөлінеді
- Е) жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қару

20) Қаруға арналған лицензияны алу үшін кімге жүгіну қажет?

- А) КПБ
- В) УПИ
- С) УҰИ
- Д) ТБ
- Е) АҚҚАБ

2.8. Рецидивті қылмыстың алдын алу және бұрын сотталған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау тәртібі

№1 есеп.

Қостанай қаласының Абай көшесі 56үй 16пәтер тұрғыны азамат А.Т.Бияхмет 2021 жылдың 12 қаңтарында түні бойы шулап тыныштықты бұзып көршілерінің арызы бойынша ҚР ӘҚБТК 437-бабының 1- тармағы бойынша 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынған болатын.

2021 жылдың 27 сәуірде түнгі сағат 00:00 ден таңғы сағат 05:00 ге дейін әуенді қатты қойып тыныштық бұзу бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасады.

1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз. 2. Осы жағдайда полиция қызметкері іс әрекеті қандай?

3. Азамат А.Т.Бияхмет әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?

№2 есеп.

2020 жылдың 11 қазан күні сағат 19:35 шамасында кәмелетке толмаған Марат (17жас) қоғамдық орында мас күйінде отырды. Кәмелетке толмаған Мараттың ата анасына ҚР ӘҚБТК 440-бабының 2-тармағы бойынша 5 АЕК айыппұл салды. Дәл осы іс әрекет 2020 жылдың 21 қарашада қайталанды.

1.Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2.Осы жағдайда КТІ УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?

3. Кәмелетке толмаған Марат әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?

№3 есеп.

2021 жылдың ақпан айында Нұр-Сұлтан қ. Байтұрсынов көшесі 94 үйдің 73 пәтерінің тұрғыны А.В.Иванов әйелі қайтыс болғаннан кейін ішімдікке салынып, кәмелет жасқа толмаған баласы С.Т.Виталииді өзіне жүктелген ата-аналық міндеттерін орындамаған. Яғни, баласының оқу үлгерімін, мектепке баруын және күнделікті тамақтануын қадағаламаған. Ата аналық орындалмағандықтан азамат А.В.Иванов ҚР ӘҚБТК 127-бабының 1-тармағы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

2021 жылдың мамыр айында азамат А.В.Ивановқа тағыда өзіне жүктелген ата-аналық міндеттерін орындамағаны туралы арыз түсті.

1. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2. Осы жағдайда УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?

№4 есеп.

Алматы қаласының тұрғындары кәмелетке толмағандар А.Т. Иванов (15жаста) және С.А.Сергеев (16жаста) өзара бәсекелесу барысында медициналық жедел жәрдемді кернеу шақырады. Сол себепті кәмелетке толмағандардың ата анасына ҚР ӘҚБТК 438-бабының 3- тармағы бойынша ескерту жасады. Арада бір апта өткеннен кейін осы жағдай қайталанды.

- 1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Кәмелетке толмағандар Иванов және Сергеев әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?*

№5 есеп.

Нұр-сұлтан қаласының EXPO-2017 ғимаратының алдында ҚР азаматы А EXPO-2017 ғимаратын көруге келген азаматтардың мазасын алып қайыршылық сұрап жүрді. Ғимаратты көруге келген азаматтардың арызы бойынша азамат А ҚР ӘҚБТК 449-бабының 1-тармағы бойынша ескерту жасады. Арада бір апта өткеннен кейін осы жағдай қайталанды.

- 1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Осы жағдайда УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?*
- 3. Азамат А әкімшілік жауапкершілікке тартылады ма?*

№6 есеп.

Алматы қаласының тұрғыны азамат А. отбасы-тұрмыстыққатынаста әйелінесыйламаушылықкөрсетіп, былапытсөйледі және кемсітті.Соның нәтижесінде ҚР ӘҚБТК 73-бап бойынша ескерту жасады. Арада бір ай өткеннен кейін азамат А. тағыда отбасылық жан-жал шығарды.

- 1.Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2.Осы жағдайда УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?*
- 3. Азамат А. қандай әкімшілік жауапкершілікке тартылады?*

№7 есеп.

18 наурыз 2021 жылы Нұр-сұлтан қаласы "DIAMOND" фирмасының бастығы өзінің қол астындағы азамат Е. еңбек заңнамасында белгіленген мерзімде еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарды бұзып ҚР ӘҚБтК 87-бабы бойынша алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

21 қыркүйек 2021 жылы "DIAMOND" формасы туралы Нұр-сұлтан қаласы ІІБ- на арыз келіп түсті.

- 1. Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2. Осы жағдайда УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?*

№8 есеп.

21 сәуір 2020 жылы кәмелетке толмаған Аман және Асанды (16жас) ата-анасы туған күніне орай ағасы Арманмен (18жас) сағат 22:30 да ойын сауық мекемесіне жіберді. Соның салдарынан кәмелетке толмағандардың ата-анасына ҚР ӘҚБтК 132-бабы бойынша он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

20 сәуір 2021 жылы Аман және Асан тағыда заңды өкілдерісіз ойын-сауық мекемесінде жүрді.

- 1.Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2.Осы жағдайда КТІ УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?*

№9 есеп.

2021 жылдың қаңтар айында Нұр-сұлтан қаласы "COVID-19" байланысты қызыл зонаға кіргендіктен бір жылға карантинге жабылды. Нұр-сұлтан қаласының азаматы азамат А.В.Иванов карантин уақытын ескермей пәтеріне шығып саябақта серуендеді. УПИ азамат А.В.Ивановқа ҚР ӘҚБТК 476-бабы бойынша он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салды.

2021 жылы маусым айында азамат А.В.Иванов тағыда үй жайынан шығып орталық паркта жүрді.

- 1.Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2.Осы жағдайда УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?*

№10 есеп.

Алматы қаласының теміржол станциясында 10 мамыр 2021 жылы азаматша А. жеңгетайлық үшін поездан түскен адамдарға үй-жайлар ұсыну үстінде УПИ ұсталды. УПИ азаматша А. ҚР ӘҚБТК 450- бабы бойынша жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салды. 7 қазан 2021 жылы азаматша А. тағыда өткен кеткендерге үй жайларды қайта ұсынып азаматтардың мазасын алды.

- 1.Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2.Осы жағдайда УПИ қызметкері іс әрекеті қандай?*
- 3.Азаматша А. жауапкершілікке тартылады ма?*

№11 есеп.

Азамат Өзімтаев О.О. ойын-сауықтан оралған соң пәтеріне кіріп теледидар қосып дауысын жоғарлатты. Сол кезде уақыт 24-00 сағат болатын. Мұны естіген көршілер келесі күні полицияға арыз берді.

УПИ қызметкерлері келіп түсіндірме жұмысын жүргізіп кеткеннен кейін келесі күні бұл іс әрекет оқиға қайтадан қайталанды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз?*
- 2) Бұл әкімшілік құқық бұзушылық қай баппен сараланады?*
- 3) УПИ қызметкерлері бұл жағдайда қандай әрекет қолданады?*

№12 есеп.

УПИ қызметкері көшені аралау барысында №77 уй құрылыс істеп жатқанын байқайды. Бүкіл қоқысты үлкен көлемде есік алдына көшеге шығарып тастағанын байқап үй егесіне ескерту жасап ертенге дейін алуын сұрайды.

Екі күн өткен соң УПИ келіп №77 үйдің қоқысты әлі алмағандығын байқайды.

- 1. УПИ қызметкерінің келесі әрекеті?*
- 2. Қандай материалдар жинау қажет?*
- 3. Бұл ӘҚБ қай баппен сараланады?*

№13 есеп.

2021 жылыдың 8 наурызында сағат 24 шамасында азамат Марков өз

үйінің подъезі алдында айқайлап өлең айтып, көршілерінің тыныштықты сақтау талабына құлақ аспай қояды. Көршісі болса учаскелік инспекторға телефон шалады.

1) *Марков өз әрекеті арқылы құқық бұзушылық жасады деп санала ма?*

2) *Учаскелік уәкілге қоңырау шалған көршісінің әрекеті дұрыс па?*

3) *Сіз бұл жағдайды қалай шешер едіңіз?*

№14 есеп.

Азамат Асанов мас күйінде көлік жүргізгені үшін, сотпен бір жылға көлік жүргізу құқығынан айрылады. Соттаң бұл шешіміне келіспеген асанов болса мүгедек екендігін, тек балдақтың көмегімен ғана жүретіндігін желеу етіп, автомобильсіз жүру оған қатысты емес екенін негіздеп сот шешіміне шағымданады.

1) *Бұл жағдайдағы заңдылыққа тоқталыңыз.*

2) *Туісті нормаларға сілтеме жасаңыз.*

№15 есеп.

2021 жылыдың сәуір айында Шымкент қаласында орналасқан КОЛОС магазинінің сатушысы карантин режимынекарамай түнгі 01:30-ға дейін жұмыс істеген, УПИ және кезекші полицейлер ескерту жасап кеткен .

Олардың сөзіне құлақ аспай қайтадан карантин режиміндегі уақытты бұзып жұмыс жасап жатыр екен.

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз?*

2. *Бұл әкімшілік құқық бұзушылық қай баппен сараланады?*

3. *УПИ қызметкерлері бұл жағдайда қандай әрекет қолданады?*

4. *Қандай материалдар жинау қажет?*

№16 есеп.

УПИ 23:30 да көшеде жарамазан айтып жүргенкамлетке толмаған жас балаларды көреді .Оларды бірінші рет көргенде пскерту жасайды уйлеріңе қайтыңдар деп ,бірақта упи оларды қайтпдан жол жүріс ережесін бұзып автокөліктерге жарамазан айтып жүргенін байқайды.

1. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз ?*

2. *УПИ қандай әркет қолданады?*

3. *Камелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі уақытта жүруге болама?*

№17 есеп.

Карантин уақытында азаматша Р. улкен гипермаркетке маскасыз кіріп айқай шығарды. Гипермаркеттын күзетшілері маскасыз кіруге болмайды дегеніне қарамастан оларды былапыт сөздер айтып ар-намысына тиді .

1. *Бұл жағдайда сіздің іс әрекетіңіз?*

2. *Балағаттау әкімшілік құқық бұзушылыққа жатадыма?*

3. *Карантин режимын бұзған үшін қандай жаза қолданылады?*

№18 есеп.

Шымкент қаласында АРБАТ саябағында кемәлетке толмаған жасөспірімдер түнгі уақытта гүл, шар сатып адамдардын мазасын алып жүр. Әрбір саябақ тұрғындарының қасына барып гулалыңыз неге алмайсыз деген жайсыз сұрақтармен мазасын алуда?

- 1. Жаздайды бағаланызсараланыз?*
- 2. Кемелетке толмаған жасөспірімдер істеп жүрген іс әрекеті заңды ма?*
- 3. Бұл туралы шешімді кім қабылдайды?*

№19 есеп.

Жүк автокөлігінің жүргізушісі Карапетян жол қозғалысының белгіленген ережесін сақтай отырып, машинаны артқы жаққа қарай айдады. Оның жолдастары, соның ішінде Арутюков Карапетянди ұстағысы келді. Арутюков осы мақсатпен, Карапетян машинаны артқы жаққа қарай жүргізе бастағанда, оған білдірместен машинаға келді және қозғалыстағы машинаның артқы доңғалағына тасты кіргізуге тырысты. Осы кезде оның аяғы тастан тайып кетіп, артқы доңғалақтардың арасына қысылды және ол машина астына тарылып басылып қалды.

Сот Карапетянди Арутюковтың өліміне кінәлі деп есептеп, оны соттады.

- 1) Соттың шешімімен келісуге бола ма?*
- 2) Болған оқиға мән-жайын және Карапетяанның оған психикалық қатынасын талдаңыздар?*

№20 есеп.

2021 жылдың 05 қаңтарында Қ. есімді азаматша Қостанай қаласының оңтүстік полиция бөлімінің кезекші бөліміне жүгінді. Жұбайы А. есімді азамат жұмыстан жиі масаң күйінде келіп, үйде жанжал шығарады. Жанжал барысында оған дене жарақатын салғандығын хабарлады. Соққыдан кейін жәбірленуші қатты ауырсынуды сезініп, осы уақытқа дейін төзуге болмайтындығын, 5 жасар және 2 жасар ортақ екі баласының асырап отқандығын айтып, одан әрі ушығып кететінінен қорықатындығын айтты. Өзінің әйеліне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін азамат А-ға оның мінез-құлқына қатысты ерекше талаптар қойылып, сонымен қатар ол ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Осының нәтижесінде Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау (АҚҚАБ) мен УПИ инспекторы А-ға азаматтық қаруды сақтауға, пайдалануға болмайтындығы туралы қаулыны көрсетіп, аң аулау билеті мен қару қолдану, сақтауға рұқсаттамасын алып қойды.

- 1. АҚҚАБ пен УПИ қызметкерлерінің іс-әрекетін баяндаңыз.*
- 2. Күйеуі заңды жауапкершілікке тартылуға жата ма?*
- 3. Күйеуіне қандай жеке алдын-алу шараларын қолдану қажет?*

4. Әкімшілік-ықпал ету шараларын атаңыз.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қайталанатын қылмыстың себептері мен жағдайлары.
2. Қайталанатын қылмыстың алдын алу.
3. Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын рецидивті қылмыстың алдын алу нысаны ретінде бақылау.
4. Қайталанатын қылмыстың алдын алу түрлері.
5. Әкімшілік қадағалау.
6. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау.
7. Қазақстан Республикасында қайталанатын құқық бұзушылықтардың және қайталанатын қылмыстың алдын алу.
8. УПИ-дің рецидивті қылмыстың алдын алу саласындағы рөлі және бұрын сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылау.
9. Рецидивті қылмыстың алдын алу шаралары
10. Рецидивті қылмыстың алдын алудағы ішкі істер органдарының рөлі.
11. Бұрын сотталған адамдардың мінез-құлқына бақылау жүргізу.
12. Әкімшілік қадағалау орнатудың негіздемелері, оны жүзеге асыру және тоқтату тәртібі.
13. Бұрын сотталған адамдарға қатысты қолданылатын шектеулер.
14. ПО бұрын сотталған адамдарды есепке алу және тіркеу.
15. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары қызметкерлерінің міндеттері.
16. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары.
17. Бұрын сотталған адаммен рецидивті құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ПО профилактикалық жұмыс жүргізу тәртібі.
18. Кәмелетке толмағандар арасында рецидивті қылмыстылыққа жол бермеу шаралары.
19. Отбасы-тұрмыстық қатынас саласында рецидивті қылмыстың алдын алу.
20. Рецидивті қылмыс жасаған адамдармен профилактикалық жұмыс жүргізу.

БІЛІМІН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1.Әкімшілік қадағалау дегеніміз не?

А) мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, азаматтардың жеке меншігіне, құқылары мен бостандықтарына, белгіленген басқару тәртібіне нұқсан келтіретін кінәлі (қасақана немесе абайсыз істелген) әрекет немесе әрекетсіздік.

- В) азаматтар мен лауазымды адамдардың өздерінің әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілігінің бір түрі
- С) қылмыстың алдын-алу, заңдылықты сақтау, азаматтардың құқылары мен бостандықтарын қорғау және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылау мақсатында қолданылатын әкімшілік шара.
- Д) дұрыс жауабы жоқ
- Е) қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бақылау түрі

2) Адамның қасақана қылмыс жасап, бас бостандығынан айырылуы немесе екінші рет ауыр қылымыс жасауы қандай болып танылады?

- А) аса қауіпті
- В) қауіпті рецидив
- С) онша қауіпті емес
- Д) рецидив
- Е) рецидивті

3) Сотталған адамның қасақана ауыр не аса ауыр қылмыс жасаған адамның аса ауыр не аса ауыр қылмыс жасаған адамның аса ауыр қылмыс жасауы-бұл?

- А) аса қауіпті
- В) Қауіпті рецидив
- С) онша қауіпті емес
- Д) рецидив
- Е) рецидивті емес

4) Рецидив қылмыстардың түрлері?

- А) Қауіпті, аса қауіпті
- В) жай, күрделі
- С) қауіпті қайталанушы
- Д) аса қауіпті, орташа қауіпті, қауіпті
- Е) қауіпті емес

5) Рецидив деп тану кезінде адамның неше жасқа дейінгі қылмыстары ескерілмейді?

- А) 18
- В) 16
- С) 10
- Д) шектелмеген
- Е) 12

6) Бұрын сотталған адамның тағы да қасақана қылмыс жасауы-бұл?

- А) Рецидив
- В) Қауіпті рецидив

- С) онша қауіпті емес
- Д) рецидив емес
- Е) аса

7) Жалпы рецидив дегеніміз?

- А) Әр текті қылмыстардың қайта жасалуы
- В) бір текті қылмыстардың жиелігі
- С) Әр текті қылмыстардың жасалмауы
- Д) ұқсас қылмыстардың жасалмауы
- Е) кайталанбалы түрде жасалатын жиелік қылмыс

8) Қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай рецидивистердің неше түрі бар?

- А) 4
- В) 10
- С) 3
- Д) 2
- Е) 6

9) Көбіне алғашқы қылмысын кәмелетке толмаған немесе жасөспірім жасында жасаған тұлғалар кім болып табылады?

- А) рецидивист
- В) рецидив
- С) рецидивке жатпайтын
- Д) алтертивист тұлға
- Е) постальтертативті

10. Әкімшілік қадағалау қай мерзімге дейін белгіленеді?

- А) төрт айдан үш жылға дейін
- В) екі айдан төрт жылға дейін
- С) алты айдан үш жылға дейін
- Д) үш айдан екі жылға дейін
- Е) алты айдан бес жылға дейін

11. Аса қауіпті қылмысты қайталап жасаған адам деп танылған қадағаланушыға неше күн ішінде оның тұрғылықты жері туралы жазбаша хабарлама дайындалады?

- А) үш күн ішінде
- В) бір ай ішінде
- С) бес күн ішінде
- Д) бір аптада
- Е) бір күн ішінде

12. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары қандай?

- А) қадағаланушының мінез-құлқы туралы жұмыс орны және тұрғылықты жері бойынша азаматтардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың әкімшілігінен мәліметтерге сұрау салуға және алуға;
- В) қадағаланушыны әңгімелесу үшін ішкі істер органына, учаскелік инспектордың қызметтік үй-жайына шақыруға, қажет болған жағдайда мұндай әңгімелерді қадағаланушының туыстарының келісімімен оларды қатыстыра отырып, өткізуге;
- С) қадағаланушыдан әкімшілік қадағалау ережелерін орындаумен байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктер талап етуге;
- Д) қадағаланушының мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді орындауын бақылау мақсатында оның тұрғын үйіне тәуліктің кез-келген уақытында кіруге құқылы.
- Е) барлық жауаптар дұрыс

13. Қадағаланушыға қадағалау ісі соттылығын алып тастау қандай себептер бойынша тоқтатылады?

- А) өтеу мерзімінің өтуі немесе алып тасталуы бойынша
- В) денсаулығының нашарлауына байланысты
- С) жақсы мінез-құлқына байланысты
- Д) дұрыс жауап жоқ
- Е) психикалық денсаулығына байланысты

14. Учаскелік инспекторы шектеулер тізбесін қысқарту немесе оны толықтыру туралы ұсынысты қайда жібереді?

- А) дұрыс жауап жоқ
- В) сотқа
- С) түзеу мекемесіне
- Д) прокуратураға
- Е) Ішкі істер министріне

15. Судьяның шектеулерді өзгерту туралы қаулысын алған күннен бастап неше күн ішінде қадағаланушыға қол қойғызып жарияланады?

- А) бес күн ішінде
- В) екі күн ішінде
- С) бір апта ішінде
- Д) үш күн ішінде
- Е) тәулік ішінде

16. Учаскелік инспектор есепте тұрған адамның қылмыстық ниеттері немесе ол жасаған қылмыс туралы ақпарат алған жағдайда дереу кімге хабарлайды?

- А) есепте тұрған адам келген түзеу мекемесіне
- В) сотқа
- С) прокуратураға

- Д) ешкімге хабарламайды
- Е) ПО-ның бастығына немесе оның орынбасарына

17. Әкімшілік қадағалау көрсетілген адамдар бір жылдың ішінде кемінде неше рет әкімшілік жазаға тартылғаны не қылмыстық теріс қылықтарға тартылғаны жағдайында белгіленеді?

- А) апта сайын
- В) екі рет
- С) төрт рет
- Д) бір рет
- Е) тәулік сайын

18. Қадағаланушыға басқа жерге уақытша кетуге және онда бір тәуліктен артық болуға рұқсат берілген жағдайда қолхат арқылы не беріледі?

- А) тек баянат жазу керек
- В) бақылау парағы беріледі
- С) ештеңе берілмейді
- Д) бағыттық парақ беріледі
- Е) арнайы парақ беріледі

19. Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту, не ұзартудан бас тарту туралы үкімді кім шығарады?

- А) прокурор
- В) судья
- С) дұрыс жауабы жоқ
- Д) учаскелік полиция инспекторы
- Е) Ішкі істер министрі

20. Қадағалаудағы әкімшілік қадағалау мерзімі кезеңінде қадағалау қағидаларын немесе белгіленген шектеулерді бұзғаны үшін екі рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған және қайтадан осындай бұзушылық жасаған жағдайда (егер екінші бұзушылық үшін шара қолдану сәтінен бастап бір жыл өтпесе) учаскелік инспекторы негізделген баянатпен қандай шара қолданады

- А) барлық жауап дұрыс
- Б) ішкі істер органдарының бастығына әкімшілік қадағалауды тапсырады.
- С) ішкі істер органдарының бастығына хабар жібереді
- Д) баянатпен ішкі істер органының бастығына әкімшілік қадағалауды тоқтату қажеттілігі туралы ұсыныс енгізеді
- Е) баянатпен ішкі істер органының бастығына әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы ұсыныс енгізеді

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

№	2.1	2.2	2.3	2.4	2.5	2.6	2.7	2.8
1	A	B	B	B	A	A	C	C
2	A	C	Д	B	C	A	A	B
3	B	B	E	C	A	B	Д	A
4	E	A	B	A	C	Д	Д	A
5	Д	Д	Д	A	A	B	A	A
6	E	E	E	C	E	B	C	A
7	Д	A	E	B	C	A	Д	A
8	E	A	Д	A	Д	A	E	A
9	B	Д	E	A	B	C	E	A
10	B	B	Д	B	C	C	A	C
11	C	E	A	Д	E	A	C	A
12	B	E	Д	A	B	E	A	E
13	A	A	C	A	C	A	C	A
14	A	E	Д	E	E	Д	Д	B
15	E	B	E	A	A	B	C	Д
16	C	A	B	A	E	E	C	E
17	Д	C	B	A	B	E	Д	B
18	E	C	A	A	A	C	C	Д
19	A	E	B	A	Д	E	C	B
20	A	B	A	A	E	B	E	E

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». 2020 жылғы 1 қыркүйек.
3. ҚР ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысы.
4. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі.
5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі. - Астана, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI.
7. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 207 Қылмыстық кодексі. // Егемен Қазақстан 2014 жылғы 9 шілдедегі № 132(27753).
8. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231 ҚР Қылмыстық-процестік кодексі.
9. ҚР ішкі істер органдары туралы. 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199 ҚР Заңы.
10. Құқық қорғау қызметі туралы 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 318 ҚР Заңы.
11. Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы. ҚР 1999 жылғы 30 наурыздағы № 353-І Заңы.
12. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 408 Жарлығы.
13. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы.
14. «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» (2020 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында жария етілді). Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 10-01-04/1 Жолдауы.
15. ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы. 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV ҚР Заңы.
16. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы. ҚР Заңы, Ақорда, 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV ҚРЗ.
17. Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ.

18. Жол жүрісі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ.

19. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысы.

20. Соттардың ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы. ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 Нормативтік қаулысы.

21. Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы. ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 7 Нормативтік қаулысы.

22. Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы. ҚР ІІМ 2014 жылғы 15 шілдедегі № 432 бұйрығы.

23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы. ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 1 Нормативтік қаулысы.

24. Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысы.

25. ҚР ІІО жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР ІІМ 2014 жылғы 17 шілдедегі № 439 бұйрығы.

26. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянаты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы. ҚР Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығы.

27. Авариялардың, өрттердің, дүлей зілзалалардың және басқа да төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы ҚР ІІМ 2015 жылғы 1 маусымдағы № 502 бұйрығы.

28. Арнайы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын және арнайы үй-жайдың үлгілік ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы. ҚР ІІМ м.а. 2018 жылғы 24 шілдедегі № 531 бұйрығы.

29. Азаматтық қорғаныс жоспарларының және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларының құрылымын бекіту туралы. ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 258 бұйрығы.

30. Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығы.

31. Көлік оқиғасының схемасын жасау ережесін және олардың үлгі нысандарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 9 ақпандағы № 52 бұйрығы.

32. Ең көп таралған құқық бұзушылықтар (оқиғалар) анықталған және жедел жағдай шиеленіскен кездегі ОБ үлгілік тактикалық әрекеттері: Оқу құралы./ Авторлар ұжымы.- ҚР ІІМ Қар.ЗІ, 2000.

33. Корнейчук С.В. Сметановский А.Ю. Практикум по специальному курсу «Деятельность органов УИС в особых условиях». Учебно-практическое пособие. Костанай, 2012. 112 с.

34. М.А. Қызылов, С.В. Корнейчук, О.Е. Мусина, Ш. Тоқтарғожина, А.А. Базарбаев, А. Қаражан, ІІО қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде пайдаланатын құжаттарының үлгілері/Қостанай:

35. М.А. Қызылов, С.В. Корнейчук, А.А. Базарбаев. Производство по делам об административных правонарушениях местной полицейской службой ОВД. Оқу-тәжірибелік құрал. ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2017. – 144 б.

36. А.С. Смышляев, С.В. Корнейчук, Е.М. Хакимов Служебное делопроизводство местной полицейской службы по осуществлению индивидуально-профилактической работы. Анықтамалық құрал. Қостанай, 2018. 75 б.